




МЕМЛЕКЕТ
МӘРТЕБЕСІ –
ТІЛДЕ

2-бет



ЕҢБЕГІМЕН
ЕР СЫЙЛЫ

6-бет



ОҢАЙ
ОЛЖА ОРҒА
ЖЫҚТЫ

8-бет

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№10 (3541) 7 ақпан 2023



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қазыбек ДӘУІТӘЛІ,
заң ғылымдарының кандидаты,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің аға
оқытушысы:

«ДЕМОКРАТИЯНЫ БІР КҮНДЕ ЖӘНЕ БІР АДАМ ОРНАТА АЛМАЙДЫ»

– Елімізде саяси дода –
Мәжіліс пен мәслихат депу-
таттарын сайлауға дайындық
басталды. Заңгер ретінде бұл
шараның ойластырылмай
қолға алынғанын айттыңыз.
Шынында доданы ұйымдасты-
руға кететін екі ай мерзімде
мәслихат пен Мәжілістің қыз-
метін кім атқарады?

– Иә, таратуын таратып алдық,
алайда алдағы екі ай ішінде Парламент
Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттар-
дың күнделікті жұмысын кім атқараты-
ны басы ашық тұр. Парламент Сенатын
қоспағанда, бүтіндей республика ле-
гислатура институтынсыз қалайын деп
тұр. Ал мемлекеттік механизм мүлтіксіз
жұмыс істеуі тиіс. Мұның шешімі қалай
болмақ?

Әдетте мұндай жағдайда заң шығару
өкілеттігі мемлекет басшысына
немесе атқарушы органға уақытша
беріледі (французша «déléguer» – өт-
кізіп беру, табыстау, аманаттау). Бірақ
бұл өкілді орган таратылмай тұрып
нормативті құқықтық акті қабылдау
арқылы рәсімделуі тиіс еді. XII шақы-
рылған Жоғарғы Кеңес өзін-өзі тарату
туралы шешім қабылдаған кезде Рес-
публика Президентіне заң шығару
өкілеттігін беріп кеткен болатын. 1993
жылы қабылданған «Қазақстан Респуб-
ликасының Президенті мен жергілікті
әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік
беру туралы» заңның аясында Н.На-
зарбаев бір өзі Президент те болды,
Парламент те болды, жалпы саны –
147 заң күші бар жарлық шығарды. Бұл
өтпелі экономика кезеңінде туындаған
көптеген сұрақтарды жедел шешуге
айтарлықтай үлес қосты.

Қазір Президентке заң шығару
өкілеттігін беретін норма жоқ. Оны,
нақтырақ айтсақ «Президентке оның
бастамасы бойынша әр палата депу-
таттары жалпы санының үштен екісінің
дауысымен бір жылдан аспайтын
мерзімге заң шығару өкілеттігін беруге
хақылы» дейтін норманы 2017 жылы
Конституциядан (53-б., 3-т.) алып тас-
тадық. Сондықтан, Парламент Мәжілісі
қайта сайланғанға дейін, Президент
оның орнына заң шығару қызметін
атқара алмайды.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАМДАНҒАН ҚАПШЫ ҚАЛМАЙДЫ



Су тасқыны туралы сөз қозғалса әрдайым билік өкілдері тарапынан бұл табиғи апат, дайындыққа ешкім толық кепілдік бере алмайды деген сөз жиі айтылады. Әрине, егер ол күтпеген жағдайда орын алса түсінуге болар еді. Алайда бұл жылда қайталанатын жағдай болғандықтан, оны ақтап алу қиын. Өйткені, әрдайым су тасқынына дайындық жөніндегі үкіметтік комиссия құрылып, Үкімет басшысы тарапынан қаншама тапсырма беріліп жатса да, олқылықтарды түзетуде ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже көзге көрінбей тұр.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

БАҒДАР

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР СЕНІМДІ АҚТАДЫ

Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, сот шешімдерінің дер кезінде орындалуының маңызы зор. Елімізде осы бағытта жеке сот орындаушылар институтының іске қосылғаны белгілі. Бүгінде бұл құрылымның жұмыс істей бастағанына 10 жылдай уақыт болды. Осы кезең ішінде жеке сот орындаушылар институты толыққанды қалыптасып, соның арқасында атқарушылық өндіріс сапасы жағынан да, саны жағынан да жаңа деңгейге көтерілді деуге болады. Бұл жұмыс жүктемесінің белгілі бөлігін аталған құрылымның еншісіне берілуімен тиімді болуда.

2016 жылдан бастап мемлекеттік сот орындаушылар тек қана мемлекет мүддесіндегі құжаттарды атқарып, қалған барлық санаттағы сот шешімдерін іске асыру жеке сот орындаушылар құзыретіне берілген еді. Бұл шешімнің бүгінде дұрыстығына көз жетіп келеді. Жеке

сот орындаушылар түрлі кедергілерге қарамастан өзіне артылған міндет үдесінен шығуға талпынуда. Мұны олардың былтырғы жұмыс қорытындысына қарап, зерделеуге болады.

Өткен жылы сот орындаушылар құзырында 7,8 миллион атқарушылық құжат болды.

Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1 миллионға артық екен. ҚР Әділет министрлігінің стратегиялық жоспарының индикаторлары бойынша екі көрсеткішке де қол жеткізілді. Жеке сот орындаушылардың күшімен мемлекеттік бюджет 23,5 млрд теңгеге толықтырылды. Бизнесінің пайдасына 185 млрд теңге өндірілді. Сол секілді құны 4 млрд теңге көлемінде кәсіпорын қызметкерлерінің еңбекақылары өндірілген екен.

Елімізде алименттік істерге қатысты қабылданған шешімдерді атқару күрделі болып келгені белгілі. Жеке сот орындаушылардың белсенді іс-қимылының арқасында бүгінде проблемалық алименттер жайлы іс едәуір азайды. Мәселен, 2021 жылы 282 мың істің 17 мыңын атқару қиындық тудырған болса, 2022 жылға атқарулуға тиісті 303 мың істің тек 15

500-ін орындау мүмкін болмады. Яғни, орындалуға тиіс шешімдер қатары едәуір көбейсе де проблемалық істер саны аталмыш кезеңмен салыстырғанда аз болды. Алиментке қатысты туындайтын мәселелердің көптігін ескерсек, бұл сот орындаушылардың ілкімділігін көрсететін едәуір жетістік. Сол секілді, жеке сот орындаушылардың дер кезіндегі тиімді шарасының нәтижесінде жұмыс істемейтін 2150 борышкер өз кәсібін тапты. Ал, 6700-ден астам борышкер әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Ағымдағы жылдан бастап Республикалық палата өңірлердің қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізген болатын. Осы шараның нәтижесінде аймақтардағы палаталардың жұмыс барысын талдап, саралап жетістік пен кемшілікті айқындауға мүмкіндік туды. Қуанарлығы ауыз толтырып айтарлық оң өзгерістер бар. Әсіресе, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарындағы жеке сот орындаушылар қауымдастығының атқарып жатқан жұмыстары бұл институттың мүмкіндігінің кең екенін көрсетеді. Бастысы міндеттің жауапкершілігін сезіне білу қажет.

(Соңы 2-бетте)

«БАЙТАҚ» КЕДЕЙЛІККЕ ҚАРСЫ

Парламент Мәжілісінің алдағы сайлауына дайындық қызуда. Байқап отырғанымыздай, бұл саяси дода біршама тартысты өтетін сияқты. Өйткені, депутаттыққа бір мандатпен ұсынылу мүмкіндігі, партиялардың тіркелуіне жасалып отырған жеңілдіктер сайлауға қатысып, бағын сынаушылар қатарын арттыруда. Бұл белгілі деңгейде демократиялық талаптардың нығая түсетіндігінен де үміттендіреді. Ең бастысы сайлау ешкімді бейтарап қалдырмайтындай.

Бүгінде халықтың ашық алаңына айналған әлеуметтік желілердегі әңгімелер оның бұрынғыдан өзгереді сипатын көрсетіп отыр. Осындай елең-алаңда, яғни сайлау дүбірі естілген кезде тұсауы кесіліп, саяси аренаға «Байтақ» жасылдар партиясы шыққан еді. Жетекшісі – қоғам қайраткері, Ұлттық Құрылтай мүшесі Азаматхан Әміртаев.

О бастан-ақ сайлауға қатысу ниеті жазбай танылған ұйым өткен жұмада өзінің сайлауалды съезін өткізіп тастады. Оған барлығы өмірлерден 200-ге жуық адам қатысты. Ұйымның алқалы жиында талқыланған тұғырнама мен бағдарламасынан түйгеніміз, «Байтақтың» мақсаты айқын, межесі биік. Нақты айтқанда, экологиялық тұрақты қоғам құрып, халықтық демократия және экологияға ұқыпты қарау қағидаттарын қолдайды және жүзеге асырады. Сонымен қатар, байлар мен кедейлер арасындағы теңсіздікті жоюға атсалыспақ ниеттері бар. Мұны партия көшбасшысы Әміртаев мырзаның жиын барысында айтқан сөзінен аңғардық. Оның айтуынша, бұған дейінгі Мәжіліс құрамында болған партиялар осы мәселелерді шешетін халыққа қажет заңдарды шығармады.

– Қазір сайлауға түрлі саяси партиялар қатысуда, олар халық үшін не жасай алды? Ескі Мәжілісте бұл партиялар халықтың мүддесіне сай келмейтін заңдарды қолдады. Қазір Қазақстанда кедейлер мен байлар арасында өте үлкен теңсіздік мәселесі бар. Елімізде

миллионнан астам адам кедейлік шегінде өмір сүріп жатыр. Олардың табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл елдегі еңбекке қабілетті халықтың 15 пайызын құрайды. Бұл тек ресми мәлімет бойынша, – деп еді ол.

Шын мәнінде Қазақстанда аса бай және кедей азаматтар арасында алшақтық пайда болған. Теңсіздік жөніндегі дүниежүзілік деректер базасынан алынған ақпаратқа сәйкес, 2021 жылы Қазақстандағы ең көп табысы бар азаматтардың 1 пайызына барлық кірістердің 15 пайызы тиесілі болып отыр. Байлықты бөлудегі теңсіздік байлықта өмір сүретіндердің үлесіне байлықтың 30 пайызының, ал кедейлікте өмір сүретіндерге тек 5 пайызының тиіп отырғанымен тереңдей түсуде.

Іс-шараға эстрада жұлдыздары Нұрлан Өнербаев, Қайрат Баекенов, сондай-ақ, «Жігіттер» тобының солистері қатысты. Ерекше атап өтерлігі – Семей полигонының ащы зардабын көрген жандардың бірі, қоғам қайраткері Кәріпбек Күйіков осы алаңнан табылды. Жиында Мәжілістің депутатына партиялық тізіммен ұсынылатын кандидаттардың есімі де белгілі болды. Барлығы 18 адамнан тұратын бұл тізім бойынша әйелдерге 4, жастарға 1, мүгедектерге 2 квота тимек. Сонымен қатар, 1 мандатты округтер бойынша 4 адам ұсынылады. Олардың ішінде партия төрағасы Азаматхан Әміртаевтың өзі де бар.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Жақында Атырау облыстық сотының ұйымдастыруымен Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бастама-сымен жарық көрген «Қазақ» газетінің 110 жылдығына орай ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



МЕМЛЕКЕТ МӘРТЕБЕСІ – ТІЛДЕ

«Сот жүйесінде сот төрелігін мемлекеттік тілде сапалы жүзеге асыру мәселелері» тақырыбындағы ұйымдастырылған алқалы бас қосудың мақсаты – сот төрелігін мемлекеттік тілде жүргізудегі соттардың тәжірибесін талдау, алдағы уақытта оны сапалы жүзеге асыру жолдарын талқылау және күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар енгізу.

Конференция жұмысына Атырау облыстық сотының төрағасы, облыс соттарының судьялары, Атырау облысы әкімдігінің өкілі, прокурорлар, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, ғалымдар, жоғарғы оқу орындарының профессор-оқытушылары, сот ардагерлері, билер, адвокаттар, медиаторлар, сот орындаушылар, нотариустар және тіл жанашырлары қатысты.

Бірінші болып сөз алған Атырау облыстық сотының төрағасы Бауыржан Жұмағұлов мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі қолданылу деңгейі тиісті дәрежеде емес екендігіне тоқталды. Осыған байланысты мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған шараларды конференцияда айқындауды ұсынды.

Атырау облыстық сотының судьясы, мемлекеттік тілді қолдану және дамыту тобының жетекшісі Сағат Хасан өз баяндамасында Атырау облысы соттарындағы сот төрелігін жүзеге асыруда мемлекеттік тілді қолдану тәжірибесіне талдау жасап, осы бағыттағы қол жеткізілген жетістіктер мен қордаланған мәселелерді атап өтті. Қордаланған

мәселелерді шешу мақсатында алдағы уақытта атқарылуға тиісті шаралар туралы өз ойын ортаға салды.

Баяндамашы облыс соттарында қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді мемлекеттік тілде жүргізу қанағаттанарлық екендігіне, алайда, азаматтық және әкімшілік істер бойынша бұл көрсеткіш төмен деңгейде екендігіне ерекше назар аударды. Осыған байланысты азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыруда мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту жолдарын ұсынды.

Атап айтқанда, азаматтық істер бойынша сот төрелігін мемлекеттік тілде жүзеге асыру деңгейін көтеру үшін ҚР Азаматтық процесстік кодексінің 14-бабының 2-бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныс жасады.

Сонымен қатар, «Соңғы кезде мемлекеттік тілде қаралатын қылмыстық істерге сот ісін жүргізу тілін, яғни, қазақ тілін меңгермеген қорғаушылардың іске қатысуы белең алуда. Мұндай жағдайда іс қараған кезде қиындықтар туындайды, бұл қорғаушылар қорғауындағы адамға сапалы заңдық көмек көрсетуді қамтамасыз ете алмайды.

Соттарда аудармашы штатының жоқтығы сот ісін жүргізу тілінің бұзылуына, сәйкесінше шығарылған баяндамасын күші жойылуына әкеліп соғады. Осы негізде облыстық, қалалық, мамандандырылған соттарда аудармашы штатын қарастыру қажет», – деп қорытындылады өз баяндамасын С.Хасан.

Конференцияда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, академик Қансейіт Әбдезұлы елімізде мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау қажеттігі туралы пікірін білдірді. Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, жазушы Мереке Құлкенов, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақып мемлекеттік тілдің ортаны қалыптастыру қажеттілігіне баса назар аударса, Атырау облысы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешов Атырау облысы бойынша тілдерді дамыту басқармасын заңды тұлға ретінде қайтадан құру қажеттігін атап өтті.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры, профессор, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі Атырау облыстық филиалының төрағасы Саламат Идрисов университет тарапынан аудармашыларды дайындауға барынша қолдау көрсететінін, Атырау облысы прокуратурасына аға көмекшісі Амантай Данагүл мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлі, оны жетілдіру жолдары туралы айтты.

Боранбай ҒАЛИЕВ,
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР СЕНІМДІ АҚТАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде осы үдеден шыққан өңірлердің бірі – Солтүстік Қазақстан облыстық Жеке сот орындаушылар палатасының жұмысына айрықша тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Жалпы өңірлік палата қызметінің басым бағыты мемлекетке тиісті қаржы, азаматтардың алимент пен жалақы бойынша берешекті өндіру мақсатында атқарушылық істі жүзеге асыру. Солтүстік Қазақстан облысындағы сот орындаушылар палатасы осы санаттағы құжаттардың орындалу тиімділігін арттыру және нақты қалпына келтіру бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр. Мәселен, былтыр аймақтағы сот орындаушылардың құзырында жалпы құны 500 млрд теңгеден асатын 203 676 атқару құжаты болса, жыл соңында оның 101 332-сі қаралып, бұл жұмыс 49,7 пайызға орындалды. Ал, жеке сот орындаушылар еншісінде осы кезеңде мемлекет кірісіне өндірілуге тиіс 2 млрд теңгені құрайтын 65 949 атқару құжаты болды. Оның 30 869-ы құны 759 млн теңге көлеміндегі әкімшілік айыппұлдар. Есепті кезеңде осы істердің 41 425-і яғни 62,8 пайызы аяқталып,

мемлекетке 1 млрд теңгеден астам кіріс кіргізілді.

Аймақтық сот орындаушылар палатасы тұрақты түрде жеке сот орындаушылар палатасының атқарушы құжаттар бойынша жұмыстарына мониторинг жүргізіп тұрады. Соның нәтижесінде жеке сот орындаушылардың әрқайсысына жеке-жеке кеңестер мен ұсыныстар беріледі. Былтыр осы мақсатта 47 мониторинг өткізілді. Сол секілді аймақтық палата жеке сот орындаушылармен бірге төленбеген айыппұлдарды анықтау үшін Атқару өндірісінің автоматты ақпараттандыру жүйесінің, әкімшілік практикалық басқармасының мәліметтерін саралап, солардың негізінде нақты шараларды жүзеге асырады. Мәселен, былтыр жеке сот орындаушылар Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық істер жөніндегі департаментпен бірлесіп, мемлекет алдындағы берешекті өндіру мақсатында 11 рейд жасады.

2022 жылы облыстың жеке сот орындаушыларының өндірісінде алимент өндіру бойынша 8510 атқару өндірісі жүргізілсе, оның 182-сі проблемалық алимент. Есепті ке-

зеңде барлығы 1390 атқару өндірісі аяқталды, оның 1046-сы орындалмай қайтарылып, 182-сіне атқарушылық өндіріс тоқтатылды. Борышкерлерді іздеуге байланысты 67 атқару өндірісін жалғастыру қажет болмады. Іздеуде жүрген борышкерлер бойынша Көші-қон полициясы тарапынан тоқсан сайын тиісті жаямалар жүргізілуде. Бүгінде берешегі бар 17 борышкер анықталып отыр. Жеке сот орындаушылар, жергілікті атқарушы органдар және ішкі істер органдары тарапынан жүргізілген мақсатты және әдістемелік жұмыс нәтижесінде проблемалық алимент өндіру ісін тиісінше 197-ден 148-ге дейін, қарыз сомасы 295 миллион теңгеден 214 млн теңгеге дейін азайтылды.

Сонымен қатар, аталған мерзім ішінде Солтүстік Қазақстан облысының жеке сот орындаушылары пәрменімен 59 атқарушылық өндіріс бойынша көлік құралын басқару құқығы уақытша тоқтатылды, 21 атқару өндірісі бойынша көлік құралдарына іздеу жарияланды. Бүгінде олардың 6-ы ұсталып, арнайы тұраққа қойылды. 128 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оның 78-і әкімшілік

тұтқынға алынып, 50-іне айыппұл салынды.

Сондай-ақ, аталған мерзімде облыстың халықты жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп, 21 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді. Соның арқасында 115 борышкер жұмыссыз ретінде тіркеліп, 95-і жұмысқа орналастырылды. Бұл шаралар тоқсан сайын өткізіліп тұрады.

Осы санаттағы істер бойынша тиімді шаралардың бірі борышкерлерді ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту. Жеке сот орындаушылары бұл тұрғыда да қарқынды жұмыс істеуде. Мәселен, 2022 жылы Ішкі істер органына борышкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы 179 ұсыныс жолданды.

Солтүстік Қазақстан облысындағы жеке сот орындаушылардың атқару өндірісі шеңберінде барлық қауіпсіздік шаралары қабылданып, жұмысқа орналастыру қажеттілігі туралы хабарламалар берілді, борышкерлердің тұрғылықты жеріне бірнеше рет арнайы барып, борышкерлерді әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін материалдар жолданды. Жүргізілген

жұмыстардың және мәжбүрлеу шараларын қолданудың қорытындысы бойынша жеке сот орындаушылар барлық төрт атқарушылық өндірісте 3 038 852 теңге қарызды толығымен өндірді. Жеке сот орындаушылардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар мен шағымдарды қарауды талдау жалпы алғанда 2021 жылмен салыстырғанда осы сипаттағы өтініштердің 28,4 пайызға азайғанын көрсетеді. Жол берілген заң бұзушылықтар үшін жеке сот орындаушылар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2021 жылдың қарашасында ҚР Жеке сот орындаушыларының кәсіби ар-намыс кодексі бекітілді. Бұл құжаттың мақсаты халықтың жеке сот орындаушыларына деген сенімін нығайту, кәсіби қызмет барысында өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру және әдепсіз мінез-құлық жағдайларын болдырмау. Солтүстік Қазақстан облысында әдеп мәселелерін бақылау өкілеттігі жеке сот орындаушы Сағындық Ақжановқа жүктелді. Бүгінде ҚР Жеке сот орындаушылар палатасының төрағасы бекіткен Әдеп ережесі бойынша жұмыс жүзде. Олар кез келген уақытта Әдеп жөніндегі өкілмен кездесіп, қызмет барысында туындаған мәселелерді жеткізіп, шеше алады. Оларға үнемі кәсіби әдепті сақтау, міндетке адал болу жөнінде кеңестер беріледі. Осындай шаралардың арқасында жеке сот орындаушылар тарапынан жоғары ұйымдарға шағымдар болған жоқ. Ұжымның бүгінгі жетістіктерінің сыры да осында болса керек.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оны 2 ақпанда Түркістан облысында орын алған төтенше жағдай тағы дәлелдеді. Мысалы, 2022 жылы 21 қыркүйекте Премьер-Министр су тасқынына қарсы іс-шаралардың Жол картасын іске асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Онда Жол картасының 2022 жылға жоспарланған іс-шараларды жеделдету, су басып қалатын қауіпті жерлерді ғимараттар салуға беріп қоймау үшін оларды судан қорғау белдеулерін уақытылы ауыстыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ, тиісті құрылыс нормалары мен ережелерінде кәріз жүйелерінің өткізу қабілеті нормаларын қайта қарауды тапсырды.

Ал биыл 28 қаңтарда ғана су тасқыны кезеңіне дайындық бойынша жедел шаралар қабылдау мәселелері жөнінде кеңесте: «Ауа райының күрт жылынуынан тасқын қаупі туындап отырғанын көріп отырмыз. Бұл бағытта тиісті іс-шараларды жедел үйлестіру үшін Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр бастаған арнайы Үкіметтік комиссия жұмысын бастайды», – деген Ә.Смайылов өңірлердік әкімдіктері ТЖМ-мен бірлесіп, қажетті шұғыл шаралардың барлығын қабылдауы қажет екенін атап өтті. Оған дейін орталық және жергілікті атқарушы органдардың 2023 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындығы 24 қаңтардағы Үкімет отырысында да қаралған болатын. Онда Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин қардағы су қорының мөлшерін, топырақтың күзгі ылғалдылығына, оның қату тереңдігіне қарай су тасқыны қаупі бар аймақтардың тәуекел дәрежесін бағалады. Атап айтқанда, тәуекелі жоғары өңірлерге – Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Абай, Жетісу облыстары, ал тәуекелдері орташа өңірлерге Павлодар және Ұлытау облыстары енді.

Жалпы, биыл су басу қаупі аймағындағы 255 елді мекенде 127 мыңнан астам үй мен 700 мыңнан астам азамат қалып отыр. Былтырғы жағдайға талдау су басудың негізгі себептері өзен арналарының толып кетуі мен балдырлануы, дренаждық-арық жүйелерінің болмауы, су қорғау белдеулерінде үйлер салу екенін көрсетті.

Түркістанның дауындағы қандай болды?

Үкімет отырысында жасаған баяндамасында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды «2021–2023 жылдарға арналған су тасқынына қарсы іс-шаралар кешені» Жол картасының аясында Түркістан облысына қатысты 20 іс-шара жоспарланғанын айтты. Оның ай-

ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ



туынша алдыңғы жылдары оған қаржы қарастырылмаған. Тек биыл жоспарланған іс-шараларға қажетті 2 млрд теңге толық қарастырылып, желтоқсан-қаңтар айларында 33 инженерлік іс-шарадан тұратын облыстық жоспар бекітілді. Сырдарияның бойында орналасқан елді мекендерде су басудың алдын алу мақсатында 97 шақырым қорғаныс бөгеттерінің жағдайы тексеріліп, 154 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары атқарылды. Өзеннің бойына белгілер қойылып, судың деңгейі мен мұздың қалыптасу жағдайына күнделікті бақылау жүргізіледі. Сырдариядан басталатын каналдардың тоспалары алдын ала бекітілді. «Үлкен су» жергілікті құлақтандыру жүйесі дайындыққа келтірілді. Бұдан бөлек, төтенше жағдайлардың алдын алуға 2022 жылы бюджеттен 462 млн теңге бөлініп, тасқын суды қауіпсіз өткізу үшін тиісті жұмыстар жүргізілді. 1200 шақырымды құрайтын 680 арықтар мен каналдар қоспадан тазартылып, 952 шақырым қашыртқы арналар механикалық тазартудан өткізілді. Облыстық бюджеттен 50 млн теңге бөлініп, 14 рет таулы аймақтарда, 8 рет қауіпті өзендер мен су қоймаларға аэровизуалды шолу жұмыстары жүргізілді. Жалпы, облыс аумағында 111 гидротехникалық нысан бар. Комиссия олардың 12-сі жөндеуді қажет ететінін анықтады. Оның екеуі мемлекет меншігіндегі «ҚазСуШар» мекемесіне қарасты, сегізі облыстық меншікте, екеуі жекеменшікте.

«Шардара су қоймасының толуы биыл 77% құрады, онда былтырғымен салыстырғанда 1,5 есеге артық су жиналған. Көксарайдың жалпы жобалық сыйымдылығы 3 млрд текше метрді құрайды, бүгінде 34% толтырылды. Қапшағай су қоймасында соңғы 10 жылда күрделі жөндеу жұмыстары атқарылмай, жыл сайын ақаулықтар пайда болуда. Былтыр күрделі жөндеу жұмыстары басталып, осы жылға 871 млн теңге қарастырылды. Бөген су қоймасына 2022 жылғы күзгі нақтылауда жергілікті бюджеттен 108 млн теңге бөлініп, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2023 жылы коммуналдық меншіктегі Ырмақ-Өзен, Майдантал су қоймаларының, Қараспан су торабының ағымдағы жөндеуіне 716 млн теңге қарастырылды. Сондай-ақ, Бөген, Майдантал, Ащы су қоймаларын күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалау-сметалық жұжаттаманы әзірлеуге 220 млн теңге қаралды. Жеке меншіктегі 2 гидротехникалық нысанның иелерімен тиісті жұмыстар жүргізілді» – деген өңір басшысы.

2 ақпанда Дархан Сатыбалды Сауран ауданындағы су тасқынына байланысты өзге де аудан, қалалардағы жағдайды саралау мақсатында Төтенше жағдайлар департаментінде штабтың шұғыл отырысын өткізді. Онда әр ауыл мен аудандағы шығынды есептеу бойынша арнайы комиссиялар жасақтауды тапсырды. Ал келесі күні өңірде жұмыс сапарымен келген Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин өңірдегі су тасқыны мәселесі бойынша жедел кеңес өткізді. Онда жағдайдың күрделенуіне жол бермеу және оның салдарымен жедел күресу тапсырылды.

Түркістан облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Нұрғали Жүнісовтың айтуынша ТЖД күшімен Кентау қаласындағы Қарнақ ауылының, Сауран, Бәйдібек аудандарының су басқан аула аумағынан 204 адам, оның ішінде 111 бала эвакуацияланды, 201 ұсақ мал қауіпсіз жерге айдалды. Халықты эвакуациялау және

уақытша орналастыру үшін Сауран ауданында 4 эвакуациялық пункт дайындалды. Сондай-ақ, облыстық және республикалық жедел штабтар базасында «Жедел желі» телефоны ашылды.

Бұл жағдай басқа өңірлерде де қайталануы мүмкін

Төтенше жағдайлар министрінің сөзіне қарағанда, былтырғы көктемде Түркістан және Маңғыстау облыстарында елді мекендердің су басуына арық-нөсер жүйелерінің болмауы және өткізу қабілетінің жеткіліксіздігін ықпал етті. Алайда, Маңғыстау облысының әкімдігі жағдайдың қайталануын болдырмау үшін пәрменді шаралар қабылдаған жоқ. Астана және Алматы қалаларында, Алматы, Абай, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында арық-дренаж жүйелері де қатты жауын-шашында шамасы келмеді.

– Су тасқыны кезіндегі тағы бір проблема жолдарда судың толып кетуі және олардың бұзылуы, бұл көлік қозғалысының үзілуіне және жекелеген елді мекендердің оқшаулануына әкеледі. Бүгінгі таңда республика бойынша су жайылуға бейім 482 автомобиль және 600-ден астам теміржол учаскесі бар. Осыған байланысты Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп автомобиль жолдарын жобалау және жөндеу кезінде жаңа құрылыстар құруды көздеуі немесе қолданыстағы су өткізгіш құрылыстарының өткізу қабілетін арттыруы қажет, – деді Юрий Ильин. Оның айтуынша, республика бойынша судан қорғау белдеулерінде 309 елді мекен,

40 мыңнан астам үй бар, онда 160 мыңнан астам тұрғын тұрады. Сондай-ақ, гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі де ерекше алаңдаушылық тудырып отырғанын, министрлік деректері бойынша 1806 ғимараттың 471-і жөндеуді қажет ететінін жеткізді.

Селқостықтың салдары ауыр

– Алдын алу шараларын елемей су тасқыны салдарын жоюға қосымша қаражат бөлуге әкеп соғады. Тек 2022 жылы осы мақсаттарға 7,6 млрд теңге жұмсалды, оның ішінде жергілікті бюджеттерден 6,5 млрд және әртүрлі қайырымдылық қорларынан 1 млрд теңге, оның ішінде Алматы қаласында, БҚО-да, Түркістан, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды облыстарында жұмсалды. Бүгінгі таңда су тасқынына толық әзірлік туралы айта алмаймыз», – дейді төтенше жағдайлар министрі. Оның айтуынша, әкімдіктер 2022 жылы 11 млрд теңгеден астам сомаға Жол картасы шеңберінде 41 іс-шараны, ал Өңірлерді дамыту жоспарында 416 іс-шараны іске асырды. Бұл өзен арналарының аса қауіпті учаскелерінде инженерлік-қорғау жұмыстары, 1,5 мың км астам каналдарды және арықтарды тазарту, 40 гидротехникалық құрылыстарды жөндеу, қорғаныс бөгендері мен біліктерін 16 км салу және 43 км жөндеу және 26 км нөсер көздерін тазарту, автомобиль жолдарында 105 су өткізу құбырын орнату және 51-ші жергілікті құлақтандыру жүйесін пайдалануға беру. Қабылданған шаралар 213 елді мекеннен қауіп-қатерді алып тастауға және 550 мыңнан астам адам тұратын 580 елді мекен үшін барынша азайтуға мүмкіндік берді.

Тәжірибе көрсеткендей, елді мекендерді су басу қаупінің алдын алуда қардың уақытылы шығарылуы, су айдау құралдарының болуы және өзендердегі мұздың әлсіреуі аса маңызды. Мысалы, былтыр Ақмола облысының әкімдігі қар шығаруды қаржыландыру көлемін 1,5 есеге ұлғайтты, бұл Талапкер, Қараөткел, Қоянды және Қызылсуат ауылдарын су басуға жол бермеуге мүмкіндік берді. Жедел жүргізілген жарылыс жұмыстары Ақмола облысының 5 ауданында және Абай облысының Красный Яр ауылында елді мекендерді су басуға жол бермеуге, сондай-ақ, Абай облысының Речное ауылында су тасқынынан болған зардапты азайтуға мүмкіндік берді. Осыған бай-

ланысты әкімдіктердің қар шығару және мұзды босату үшін қаржы қаражатын ұлғайту қажеттілігі туындайды.

Юрий Ильиннің сөзіне қарағанда, елді мекендердегі үйлерді су басу қаупін азайтуда: бірінші, көпірлерді, инженерлік және басқа да жол су өткізу құрылыстарын тасқын және еріген сулардың жоғары көлемін өткізуге дайындау. Республикалық көлік магистральдарының, облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың толып кету қаупі мен қирау қаупін уақытылы жою. Екінші, қалалық және ауылдық елді мекендердің аулалары мен аумақтарынан, әсіресе, су тасқыны қаупі бар аумақтардан қар шығару жөніндегі жұмысты күшейту, сондай-ақ, арық-каналды және дренаждық жүйелерді, өзен арналарын, коммуналдық гидротехникалық құрылыстар мен қорғаныш бөгендерін су тасқыны мен еріген сулардың жоғары көлемін өткізуге дайындау. Үшінші, өткен жылдардағы су тасқыны жағдайының қайталануын болдырмау үшін әкімдіктер бірінші кезекте өткен жылы аяқталмаған және осы жылдың соңына дейін жоспарланған су тасқынына қарсы іс-шараларды іске асыруға қаржы бөлуі қажет.

Ақпан жауын-шашынды болмақ

Үкімет отырысында жасаған баяндамасында Экология және табиғи ресурстар министрі Зулфия Сүлейменова ақпан-наурыз айларындағы ауа райы болжамына арнайы тоқталды. Ақпан айында республиканың басым бөлігіндегі ауа температурасы климаттық нормаға жақын, Қазақстанның қиыр оңтүстігінде нормадан 1°C жоғары. Ақпан айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде нормаға жуық. Ал Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қостанай облыстарының батысында нормадан аз, Түркістан облысында нормадан көп болады. Қызылорда, Жамбыл облыстарының басым бөлігінде, Алматы, Жетісу облыстарының оңтүстік жартысында нормадан аз болуы мүмкін.

Наурыз айында республиканың басым бөлігінде ауа температурасы климаттық нормаға жақын, батыс өңірлерде 1° нормадан жоғары, елдің оңтүстік аймақтарының солтүстік-шығысында, орталығында және солтүстігінде нормадан 1° төмен. Сонымен қатар, наурыз айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде (11-20 мм норма кезінде), Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Абай, Қостанайдың солтүстік-шығысында (13-23 мм норма кезінде), Алматы облысының оңтүстік-шығысында, Жетісу облысында нормаға жуық болады деп болжанды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Жақында ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы және хатшысы Игорь Рогов пен Тастемір Әбішев Еуропа Кеңесінің, заң мамандықтары өкілдеріне арналған Адам құқықтары саласындағы еуропалық білім беру бағдарламасының (HELP) сарапшылары Сергей Дикман мен Кристина Хохлованы қабылдады.

Кездесу барысында тараптар сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында адам құқықтарын қорғау, оның ішінде ҚР Құқық қорғау қызметінде азаптаудың алдын алу мәселелерін, сондай-ақ, комиссияның еуропалық құрылымдармен ынтымақтастығының перспективалары

туралы талқылады. Шетелдік қонақтарды қарсы ала отырып, комиссия төрағасы Игорь Рогов Қазақстанда адам құқықтарын қорғау, оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын, бұл ретте комиссия Еуропа Кеңесінен елеулі әдіснамалық

және ұйымдастырушылық көмек алатынын атап өтті. Бүгінде республикада құқық қорғау және сот жүйелерін терең реформалау жүргізіліп жатқан кезде Еуропа Кеңесінің HELP бағдарламасын сараптамалық қолдаудың маңыздылығын бағаламауға болмайды.

Еуропа Кеңесі делегациясының басшысы Сергей Дикман еуропалық құрылымдардың қазақстандық құқық қорғау институттарымен ынтымақтастығын дамытуға қанағат-

танғандығын білдіріп, сапардың мақсаты құқық қорғау саласында адам құқықтарын қорғау, оның ішінде азаптау сияқты жағымсыз құбылыстың алдын алу тетіктерін әзірлеу мақсатында заң мамандықтарының өкілдері үшін жаңа білім беру бағдарламаларын талқылау болып табылатынын айтты.

Еуропа Кеңесінің делегациясы Республика Жоғарғы Сотының, Бас прокуратурасының, Әділет министрлігінің, Республикалық адвокаттар

алқасының, ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің басшылығымен, сондай-ақ, Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының және ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясының ғалымдарымен және оқытушыларымен кездесуді жоспарлап отыр.

ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшылығы

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА

САРАП

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енуіне орай «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдардың күші жоылды.

СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАҢА НЫСАНЫ

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу.

Нақтырақ айтқанда, кодекстің негізгі мәні – тұлғалардың әкімшілік органға жүгінуі нәтижесінде қабылданатын әкімшілік акті, оны орындау, заңсыз актіні заңсыз деп тану, жоюмен байланысты әкімшілік органдарының қызметі, сондай-ақ, әкімшілік орган және соттың дауларды шешу тәртібі. Кодекстің тағы бір жаңашылдығы – сотта әкімшілік іс қаралғанда дәлелдемелерді жинақтау міндеті жеке азаматқа немесе бизнеске емес, мемлекеттік органға жүктелетін болды.

Кодекс құрамына елімізде алғашқы енгізілген институттар мен қағидаттарының біріне әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылатынын жатқызуға болады. Жаңа кодекс бойынша азамат мемлекеттік органың шығарған әкімшілік актісімен келіспеген жағдайда талап қоюмен

сотқа жүгіне алады. Сот талап қоюшыға талап қоюды дұрыс толтыруға, формальды қателерді түзетуге, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеп, өзінің шығарған шешімінің орындалуын бақылайды.

Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Жаңа кодексте татуласу рәсімдерін қолдану мүмкіндігі де қарастырылған. Татуласу рәсімдерін қолдануға әсер ететін негізгі шарт жауапкерде әкімшілік қалаудың болуы.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 120,121-баптарына сәйкес тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы

әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сондай-ақ, сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бо-

йынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинауға, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындауға құқығы бар.

Жаңа кодекстің тағы бір ерекшелігі бұл заңнама бойынша талап қоюлар келесідей жіктелген: 1) дау айту туралы талап қою; 2) мәжбүрлеу туралы талап қою; 3) әрекет жасау туралы талап қою; 4) тану туралы талап қою. Дау айтылған (бұзылған) құқықтарды қорғаудың тиімділігі талап қою түрінің дұрыс анықталуына байланысты.

Бұл ретте, сот құқықтық салдарды алдын ала түсіндіре отырып, тарапқа талап қою талаптарын тұжырымдауға және өзгертуге жәрдем көрсету құқығымен қамтамасыз етілген.

Осылайша, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс азаматтарға құқықтық кепілдік береді, ал мемлекеттік органдардың қызметінен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ол өзіндік ерекшеліктерімен Қазақстан үшін сот ісін жүргізудің жаңа нысаны болып саналады.

Ерден БОРАНБАЕВ, Ақтоғай аудандық сотының төрағасы ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

КИЕ

ТІЛІН ЖОҒАЛТҚАН ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІН ЖОҒАЛТАДЫ

Конституциямыздың 7-бабына сәйкес, Қазақстандағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

Ал нақты азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот ісін жүргізу тіліне келер болсақ, Азаматтық процестік кодекспен реттеледі Кодекстің 14-бабына сәйкес, азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі. Сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы. Егер іске қатысатын тараптардың бірі іс жүргізу тілін білмейтін болса, іс жүргізу тілін меңгермеген тұлғаның өтініші бойынша сот тегін аудармашы қызметін ұсынады. Іс жүргізу тілін білмейтін адамдарға заң бойынша оларға қажетті іс материалдарының аудармасын тегін қамтамасыз етеді.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, азаматтық істер бойынша білікті заң көмегін көрсететін заңгерлер мен адвокаттар талап арыздарды көбіне өздеріне ыңғайлы етіп орыс тілінде дайындайды. Бірақ сотқа қатысуға келген азамат сот процесі кезінде ресми тілде ойын еркін жеткізе алмай жататындар жиі кездеседі. Сондықтан, білікті заң көмегін көрсететін заңгерлер мен адвокаттар азаматтарға талап арызды талап қоюшы жетік меңгерген тілде әзірлесе деген тілек бар.

Сот актілерінің сапасын арттыруға, іс жүргізудегі мемлекеттік тілді жетілдіруге ықпал ету мақсатында, 2020 жылғы судьялардың сегізінші съезінде 700 беттен тұратын қылмыстық және азаматтық істер бойынша «Сот актілерінің мемлекеттік тілдегі үлгілері» жинағы таныстырылғанын атап өтуге болады. Осы уақытқа дейін республика соттарына, мемлекеттік тілдегі істерді қарау барысында қосымша көмекші құрал болып келеді.

Біздің сотпен мемлекеттік тілдің



Т.АЛИКУЛОВ, Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе бас маманы-сот отырысының хатшысы

қолдану аясын кеңейту мақсатында, мемлекеттік органдардың қатысуымен әр түрлі іс-шаралар тұрақты түрде өткізіледі. Мәселен, Ақтөбе облысы тілдерді дамыту басқармасы мамандарының қатысуымен дөңгелек үстелдер, кеңсе мамандары арасында семинар сабақтары өткізілді. Судьялар тарапынан жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарында, болашақта заңгер боламын деген студенттер арасында мемлекеттік қызметтегі мемлекеттік тілдің абыройы жайында пайдалы дәрістер тұрақты түрде оқылып тұрады. Сонымен қатар, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында оның ішінде, республикалық, облыстық журналдарда, газеттерде судьялармен, кеңсе мамандарымен мақалалары жарияланып келеді.

Облыстағы соттар арасында тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында сайыстар ұйымдастырылып, әдеби іс-шаралар өткізіліп отырады.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасы бойынша елімізде мамандандырылған әкімшілік соттар өз жұмысын бастады. Ашылғанына бір жарым жыл ғана болса да, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында іс қағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілге деген құрмет ерекше. Барлық шығыс құжаттар (сотқа шақыру қағаздары, сұраныстар, жолдама хаттар) мемлекеттік тілде рәсімделеді. Қажет болған жағдайларда ғана ресми тілге аударылады. Мемлекеттік органдарына өзара хат алмасу тек қазақ тілінде жүргізіледі.

ТҮЙТКІЛ

АЖЫРАСУ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қоғам өркендеп, өзгерген сайын адамзаттың психологиясы, құндылықтары мен көзқарастары өзгеруде.

Бүгінгі күннің ашы шындығы – адамның бір-біріне көзқарасының, қарым-қатынасының өзгеруі. Біз, қазақ халқы отбасы құндылықтарын бірінші орынға қойған елміз. Ата-бабаларымыз «ажырасу» ұғымын мүлдем қолданбаған, бұл сөзге үлкен күнә ретінде қараған.

Дініміз бен менталитетімізге жат нәрсе болғанымен, қазіргі таңда елде ажырасу деректері көп. Сот органдарына неке бұзуға арыз беретіндердің 70% әйелдер екен. Себептері: тұрмыстық зорлық-зомбылық, материалдық қиындықтар, жұмыссыздық, көзге шөп салу, ата-ананың екі жастың өміріне араласуы, жастардың үлкен өмірге ойланбастан дайындықсыз келуі, әйелдердің өз-өздерін қамтамасыз ете алатындай дәрежеге жетуі және т.б.

Ажырасу – қазіргі қоғамда қалыпты жағдайға айналғаны өзекке өкініш ұялатады. Дұрыс құрылмаған қарым-қатынас тікелей өзімізге байланысты, яғни, себепкер өзіміз. Жастарымыз қызығушылықпен отбасын құрып, кейін үйленіп алған соң өмірлік көзқарастары өзге екенін байқап, қызуқанды шешім қабылдап жатады. Айталық, статистикалық көрсеткіш бойынша отбасылық кикілжің салдарынан дәм-тұздары жараспай, облысымызда сот органдарына 2020 жылы 2350 неке бұзу туралы арыз түсіп, оның 1538 некесі бұзылған. Ал

2021 жылы 2373 арыз түсіп, 1491 отбасының некесі бұзылған. 2022 жылы облыс соттарында 2426 неке бұзуға арыз түсіп, оның 1464 шешім шығарылып, 316-сы татуласып және 597 іс қараусыз қалдырылған.

Соңғы үш жылды салыстырсақ, неке бұзу көрсеткіші азаймай тұрғанын байқауға болады.

Алайда, медиация тәртібімен атқарылған жұмыстардың нәтижесінде көп отбасылардың некелері сақталып отыр. Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Сотқа түскен неке бұзу туралы арыздың басым көпшілігі медиация рәсімімен қаралады. Мүлдіктік даулар, баланы асырап бағу, оның тұрғылықты мекенжайын анықтау, ата-ана құқықтарын жүзеге асыру сияқты сұрақтар оң нәтижеге қол жеткізіп, медиатор арқылы шешіліп жатады. Бірақ, отбасының тыныштығын сақтау екі жақтың да міндеті. Осы жауапкершілікті сезіне отырып, ер де, әйел де бір-біріне рухани және материалдық қолдау көрсетуі тиіс.

Еліміздің өркендеп гүлденуі – отбасының беріктігіне де байланысты. Себебі, ел болашағы жастардың қолында. Бүгінгі таңда, қоғамымызда орын алып отырған жастардың ажырасуына жол бермеген дұрыс. Жастардың ажырасуы халық санының өсуіне де ықпал етеді.

Батыс Қазақстан облыстық сотының баспасөз қызметі

ҚАЗЫНА

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Ана тіліне салғырт қарау – өз халқының өткеніне, бүгінгіне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз.

Қазақстан – ұлтаралық келісім өзара жарасыммен тапқан, тату ел. Алайда, қазақ тілі әр қазақтың ар-ожданы, мақтанышына айналуы тиіс. Осы орайда Бауыржан Момышұлының «анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» – деген сөзді әрбір қазақ ұғынса, біздің тіліміздің жағдайы дәл қазіргі қалпынан әлдеқайда жоғары деңгейде болар еді.

Мемлекеттік тіл – аса маңызды да ең өзекті мәселе, тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгісі. Ол – ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мем-

лекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс.

Қазақ тілінің өз мәртебесіне сай толыққанды қоғамдық қызмет атқаруы аса қанағаттанғысыз екенін жан-тәнімізбен түсіне отырып, бүгінде «Тіл туралы» заңның жүзеге асу барысын талқылауда басты назарды мемлекеттік тіл тағдырына аударарымыз анық. Өйткені, қазақ тілі әлемдік мәдениеттің бөлінбес бір бөлшегі ретінде тек қазақ топырағында ғана мемлекеттік мәртебені талап ете алады.

Соттың іс қағаздары толығымен мемлекеттік тілде жүргізілуде. Барлық сот қызметкерлері мемлекеттік тілді жетік меңгерген. Мемлекеттік мекемелерден келген хат-хабар алмасулар, ілеспе хаттар, ішкі қызмет

тілі, барлық жұмыс жоспарлары, БАҚ-қа шығатын мақалалар, ұйымдастырылатын іс-шаралар толығымен мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

Автоматтандырылған құжат алмасу мен сот өндірісінің «Төрелік» ақпарат жүйесін мемлекеттік тілде жүргізу бірыңғай жолға қойылған. Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ тілін дамыту, оның қолдану аясын кеңейтуге жан-жақты қамқор жасау бүгінгі күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселелердің бірі. Осындай мемлекеттік маңызды мәселені жүзеге асыру үшін арнайы қабылдаған бағдарлама мен іс-шараларды тұрақты түрде жүргізу, күнделікті жұмыс барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру бәрімізге ортақ міндет.

Д.УРИНГАЛИЕВА, Казталов аудандық №2 сотының бас маманы сот-мәжілісінің хатшысы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯ

БЕРЕШЕК ӨТЕЛЕТІН БОЛДЫ

Тасқала аудандық соты берешек сомасын және сот шығындарын өндіру туралы қойылған талап бойынша азаматтық істі сот медиациясы тәртібімен тоқтатты.

Талап қоюшы ЖШС жауапкерден берешек сомасын өндіру туралы талап арызымен сотқа жүгініп, жауапкерден 2019 жылы несие алып осы уақытқа дейін өзіне алған міндеттерді тиісті түрде орындамағанын көрсетіп, берешек соманы және сот шығындарын өндіруді сұрады. Талап сотқа түскеннен кейін, тараптарға татуласуы рәсіміне қатысуға шақыру жолданды. Шақыруда тараптарға татуласу рәсімі шеңберінде дауды (жанжалды) шешу құқығын түсіндіре отырып, татуласудың артықшылықтары туралы, іс қозғалғанға дейін сотқа дейінгі хаттаманы жасап келісімге келе алатыны түсіндірілді.

Іс оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қабылданған. Жауапкерге өзі негіздейтін құжаттармен дәлелдемелерді қоса беріп, сотқа талап қоюға пікір (қарсылық) ұсыну үшін мерзім белгіленген, көрсетілген мерзімге дейін тараптардан медиация тәртібімен істі тоқтату туралы арыз түскен. Арызға 20.01.2023 жылғы дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жалғанған. Талап қоюшы ЖШС қойылған талаптан бас тартып, ал жауапкер «Д» 20.07.2023 жылғы дауына дейін, ай сайын 25760 теңге берешек сомасын және сот шығындарын төлейтіні туралы келісімге келіп, сот медиациясы рәсімі жолымен дауды (жанжалды) реттелгеніне байланысты, келісімді бекітіп, істі өндірісімен тоқтатуға сұраған.

АПК-нің 267-4 б. 5 б. сай, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен тараптар ұсынған құжаттар бойынша тараптарды шақырмастан, осы кодекстің 277, 279-баптарында белгіленген негіздер бойынша іс бойынша іс жүргізу тоқтатылуы, арыз қараусыз қалдырылуы мүмкін. Сот АПК-нің 277-б. 6-б. негізінде, сот медиация рәсімі өткізілген нәтижесінде тараптардың дауды реттеу келісімді бекітіп, іс өндірісі тоқтатылды.

Ұйғарым заңды күшіне енген жоқ.

Г.МУЛДАШЕВ, Тасқала аудандық сотының бас маманы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы конституциялық реформаға сәйкес Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулы шығару мүмкіндігі қарастырылған. Атап өтуіміз керек, бұл тәжірибе шетелде кең қолданысқа ие және қарқынды дамып келеді. Алайда, бұл, Конституция нормасына сәйкес қызметі тоқтамаған Парламентке қатысты ғана қолданылатын рәсім. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбай, Парламент оны кейінге қалдыра беретін болса, тізгінді өз қолына алып, заң күші бар қаулы шығара алады. Онда да Үкімет құзыретіне жататын сұрақтардан асып кетпейді.

Өңірдегі мәслихаттар жергілікті атқарушы органдардың басшыларына – әкімдерге өз құзыреті аясындағы кейбір сұрақтарды, айталық салықтық, тарифтік, бюджеттік өкілеттіктерді беріп кетуіне болушы еді. Легитимді болуы үшін, жергілікті мәслихаттар мұндай шешімді тарамай тұрып қабылдауы тиіс.

Осы аталған жайттар екі ай уақыт болса да мемлекеттік басқарудың жария мүддесіне айтарлықтай нұқсан келтіруі ықтимал. Барлық деңгейдегі атқарушы биліктің қызметі бір мезетте Парламенттің және мәслихаттың бақылауынсыз қалайын деп тұр. Мемлекеттік басқаруда қалыптасып отырған сұрақтарды оңтайлы шешу үшін және алдағы уақытта елпексеру үшін келесідей ұсыныстарды береміз:

– Парламент тараған жағдайда Үкімет өз құзыреті аясындағы сұрақтарды шешу үшін заң күші бар қаулыларды қабылдай алуы тиіс;

– Президенттің, сондай-ақ, Парламенттің өз бастамасы бойынша мемлекет басшысына заң шығару өкілеттігін беру мүмкіндігін қарастыру қажет;

– Мәслихат тараған жағдайда, олардың өкілеттігін әкімдерге уақытша беру мүмкіндігін енгізу қажет.

Мемлекеттік механизм мүлтіксіз жұмыс істеуі үшін – мемлекеттік басқарудың жария мүддесін уақытты және дұрыс құқықтық қамтамасыз ету маңызды.

– Мұндай сайлауларда әр партияның елге танымал өнер иелерін, спорт санлақтарын, журналистерді бетке ұстауы әдетке айналды. Парламент жұмысына, заң сапасының төмендігіне қатысты сынның көптігіне осы жағдай түрткі болып отырған жоқ па?

– Парламент ең бірінші заң шығарушы орган, сондықтан мұнда заңгерлер мен экономистер отырсын деген пікір бұрыннан айтылып келеді. Кейбір белгілі заңгер ғалымдар, тіпті, Конституцияға тікелей солай жазайық, депутаттан жоғары заң білімін талап етейік деген де болатын. Алайда, сайлаудың мұраты – ұту болғандықтан, бірінші кезекте халықтың дауысын жию маңызды. Сондықтан да өнер жұлдыздары мен танымал тұлғаларды жұмылдырып жатады. Өкінішке қарай, бұл заңның сапасына әсер етеді. Өйткені, қоғам өмірін реттейтін заңдарды қабылдау үшін заңгер болудың өзі жеткіліксіз, құқықтық қатынастың мәнін түсіну, заңи техниканы меңгеру қажет. Бұл көбіне тәжірибемен, ізденіспен келетін құқықтанушылық құзырет.

Кезінде Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Еркеш Нұрпейісов секілді заңгер-ғалымдар депутат болып тұрған кезде, сапасыз заңдардың өтіп кету мүмкіндігі аз еді. Алайда, заңның сапасы тек депутаттық құрамға ғана байланысты десек сыңар езу пайым болар еді. Шынайы көппартиялы саяси режим жағдайында, А.Смиттің «көрінбейтін қолы» сияқты сапалы заңдар өмірге өзі келе бастайды. АҚШ Конгресінің кітапханасы секілді, Парламент жанынан ғылыми-зерттеушілік және талдаушылық жұмыстарды жүргізетін күшті көмекші орган құруға болады. Мұндай жағдайда Парламент депутаты бірінші кезекте мықты саясаткер болуы, қоғам және мемлекет қайраткері болу талабы алдыңғы орынға шығады.

– Сайлау кезінде бақылаушы болып қатысатыныңызды білдік. Нені байқадыңыз, біздің азаматтар сайлаудағы өз мәртебесін сезіне алып жүр ме? Сайлаудың ұйымдастырылуы көңіліңізден шыға ма?

– Қазақстанда 10 100-дей сайлау учаскесі бар. Егер елдің болашағына бей-жай қарамайтын 10 мың азамат шығып, сайлау күні бір күнін қиып осы учаскелерде тәуелсіз бақылаушы ретінде таңғы 7.00-ден кешкі 20.00-ге дейін отыратын болса, демократияға бір табан болса да жақындайтын сәт

осы. Одан кейін 5 жыл айғайлағаннан, сынап-мінгеннен ештеңе шықпайды. Бұл заңда белгіленген ойын ережесі. Құқықтық мүмкіндік. Өкінішке қарай, қоғамдық санада демократияны «сый» ретінде қарап, оны қайсыбір «герой» әкеліп тегін үлестіретіндей көреді. Антропологияда «карго культі» аталатын бұл масылдық сана аграрлы қоғамның белгісі ретінде сипатталады. Индустрияландыру процесі материалды өмірімізде жүргенімен, қоғамның ментальдылық жағдайы аграрлық әлемнен әлі алыстап кеткен жоқ. Қоғамның сайлауға селқос қарап, күрес жүргізбеуінің бір себебі содан – тіршілікті жобалап келтіргенімізбен, санада модернизация жүрген жоқ. Жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы соқпақты соқпақты эволюциялық дамудың жолымен жүріп жеткен адамзаттың ең ірі жетістігі.

Осыдан жүз жыл бұрын, айталық 1916 жылға дейін АҚШ-та әйелдер сайлау құқығына ие болған жоқ. Көне замандарда мүліктік жағдайлары барлар ғана – мемлекеттік билікті қалыптастыра алды, дауыс беруде артықшылықтарға ие болды. Мүмкіндікті пайдаланбау, жұмсартып айтқанда, тоғышарлық. Өкінішке қарай, посткеңестік елдердегі саяси режимнің сиқы да авторитаризмнен аса алмай отыр. Бұл сайлау процесіне теріс әсер етуде. Әкімшілік ресурстардың жұмыс істейтіні көпшілікке белгілі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқа-

Қазыбек ДӘУІТӘЛІ,

заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің аға оқытушысы:

«ДЕМОКРАТИЯНЫ БІР КҮНДЕ ЖӘНЕ БІР АДАМ ОРНАТА АЛМАЙДЫ»

евтың суперпрезиденттік республикадан – «Екінші Республикаға» өтеміз деуінің бір мағынасы осы: авторитаризмнен бас тартуға бағытталған конституциялық реформаны білдіреді. Демократияны бір күнде және бір адам орната алмайды. Сондықтан, азаматтық құқығымызды пайдаланып, сайлаудың халықаралық стандарттарға сай өтуіне өзіміз атсалысуға тиіспіз. Мен бақылаушы

сайлаудың әділ өтуі маңызды. Қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын алдын ала талқылау мақсатында «Ашық НҚА» аталатын цифрлық жоба жұмыс істеуде. Халық пікірін сол алаңда еркін білдіре алады. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай белсенділік өте төмен.

– «Заңның қазақ тіліндегі нұсқасы түсініксіз бол-

жобаларға басымдық беру арқылы ұтымды шешуге болады. Екінші – Үкімет әзірлейтін заң жобаларына қазақтілді заңгер ғалымдарды мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде тарту керек. Бұл тек мәтін сапасының артуына ғана емес, сонымен қатар реттеліп отырған қоғамдық қатынастың мазмұнына да оң әсер ететін болады. Өйткені, олар заң тілін тек аударма тілі ретінде қарастырмайды.

Қазақтілді зерттеуші құқықтанушылардың реестрін жүргізуді ҚР Әділет министрлігіне тапсыруға болады. Үшінші – Парламент заңдарды мемлекеттік тілде әзірлеуі тиіс және «Мемлекеттік тіл туралы» заң жобасын ұсынуы керек. Осы күні тек Үкімет ұсынған заңды қабылдаумен ғана айналысып отыр. Депутаттар тілдің мәселесін көп көтереді, бірақ өздері не мемлекеттік тілдің мәртебесін реттейтін заң жобасын ұсынбайды, не мемлекеттік тілде заң әзірлемейді.

Бәрі Үкіметтің заңды әзірлеу жұмысын мемлекеттік тілде жүргізуден басталады. Бізде орыс тілінде әзірлеп алып, сосын мемлекеттік тілге аудару салуға болады дейтін жаңсақ түсінік қалыптасқан.

Мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесі туралы көп айтамыз, бірақ осы күнге дейін ғылыми негіздемесі тиянақты берілмей келеді. Біз оны келесідей тұжырымдап отырмыз: жалпы мемлекеттік билік органдары өз ішіндегі қарым-қатынасты тек мемлекеттік тілде жүргізуі тиіс. Бұған конституциялық негіз бар: орыс тілі – Конституциялық Кеңес берген түсіндірмеге сәйкес «ресми» тіл емес. Демек, мемлекеттік тіл – негізгі тіл, орыс тілі негізгі емес тіл деп дедуктивті тұжырым жасауға болады. Мұндай тұжырымның практикалық маңызы – заңдарды тек мемлекеттік тілде әзірлеуге және қабылдауға мүмкіндік береді. Орыс тілі – жария биліктің халықпен байланыс орнатуда кемсітуге ұшырамай қатар қолдануға жататын (бірақ мемлекеттік билік органдарының өз ішінде емес) коммуникация құралы. Сондықтан заң бір – мемлекеттік тілде әзірленеді, екі – қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

– Конституциялық сот жұмысын бастады. Мәртебелі органға таңдалған заңгерлердің мемлекеттік тілді жетік білетіні аз. Жалпы, бізде қазақша ойлай алатын заңгерлер шынымен аз ба?

– Қазақ тілінде ойлай да, сөйлей де алатын, 11 судьядан тұратын Конституциялық Соттың құрамы то-

лық жасақталды. Парламент палаталары – Сенат пен Мәжіліс 3 судьядан сайлады. Президент 4 судьясын өзі дербес және төрағасын Парламент Сенатының келісімімен тағайындады. Құрамына қатысты қысқаша келесідей пікір және болжам айтуға болады:

1) 11 судьяның – 3-і әйел (27%), қалған 8-і ер (72%) азамат. Парламент пен жергілікті мәслихат депутаттарының 30% әйелдер мен 35 жасқа толмаған жастардан қалыптасуы тиіс дейтін квотаның саяси мәнімен ұштасады.

2) Жастық құрамы бойынша негізінен 50-ден асқандар. Ең жас судья – 44-те. Судья болу үшін 40 жасқа толу шарт.

3) 5 судьяның (45%) ғылыми дәрежесі бар, 6 судья (55%) таза тәжірибеден келген мамандар. Әдетте демократиялық елдерде судьялар корпусының 90% академиялық ортадан келетін мамандар, бірақ жаңадан құрылып жатқан орган болғандықтан теория мен тәжірибе 50/50 болғаны дұрыс. Бұл бір жаққа тартып кетпейді алдын алады.

4) Мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеру дәрежесінде мәселе бар. Судьялар корпусынан тек бірлі-екісі ғана мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде білуі мүмкін. Бұл бағытта қоғам тарапынан орынды сын айтылып отыр. Конституция нормасының құқықтық мәнін ашып, заңи мағынасына қатысты сот ұстанымын негіздеп жаза әрі түсіндіре алатын дәрежеде меңгеруді кәсіби деңгей деп қабылдаймын. Конституциялық сот өндірісінің тілі

– алдағы 8 жыл бойына орыс тілі бойынша деп тұр. Ал төраға екі тілді де кәсіби деңгейде білуі тиіс. «Әділетті Қазақстан» гендерлік теңдікте ғана емес, мемлекеттік тіл саясатында да әділетті болуы тиіс.

5) Құқық ғылымының мамандануы бойынша іріктеу жүруі керек еді. Жеке құқық саласының (цивилистиканың) айтулы өкілін көріп отырғаны жоқ. Жария құқықтың, соның ішінде әкімшілік, қылмыстық құқық мамандары жеткілікті қамтылған. Алайда, жетекші конституционалист мамандар енбей қалған (К.К. Айтхожин, Е.Б. Абдрасулов, С.К. Амандықова, А. Караев және т.б.). Конституциялық Соттың құрамында – конституционалист маманның болмауы нонсенс. Бұл елеулі кемшіліктің бірі.

Әзірге объективті ой-пікіріміз осындай. Конституциялық Соттың атқаратын жұмысы көп, түсіп жатқан жолданымдар қазірдің өзінде 500-ден астам деп отыр. Адам құқығын қорғаудың беделді механизмі болғандықтан бұл жаңадан құрылып отырған органға тек сәттілік тілейміз.

– Өзіңіз заңгерлер дайындауда көш бастап отырған ҚазҰУ-да дәріс бересіз. Заңдардың сапасыз жазылуы, біліксіз тергеуші, адвокат, прокурорлардың көптігі осы жоғары оқу орындарының білім бағдарламаларының әлсіздігінен емес пе?

– Заңдардың сапасы – заңгерлерді дайындауға да байланысты. Ресейдің университеттерінде дәріс оқыдым, сонда байқағаным «құқықтанушы аудармашы» деген мамандық бар. Кейбірі тіпті арнайы магистратурада оқытылады. Өйткені, тікелей шетелдік заңнаманы аударумен айналысады және олар бойынша сараптамалық ақпарат дайындау құзыретіне машықтанады. Бізге де осы бағытта мамандар әзірлеу қажет. Бұл тек шетелдік заңнаманы ғана емес, отандық заңнаманың да мемлекеттік тілде сөйлеуіне айтарлықтай үлес қосар еді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті заңгерлерді дайындауда қомақты үлес қосып келеді. Әсіресе, құқық қорғау органдарының белді қызметкерлері факультетіміздің түлектері. Кемінде 70% білім алушы қазақ топтарында оқиды. Сондықтан оқытушы-профессорлық құрам жақсы қалыптасқан.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»



ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

Атына бұрыннан қанық болсақ та, Нұрсапа Маханбетұлымен танысудың сәті бізге Ақтау қаласына жұмыс бабымен барған сапарымызда түсті. Кісілігінен кішілігі басым нар тұлғалы, сырбаз ағамыздың келбеті қандай да бір жетістігіне қарамастан, өзінің бұрынғы қалпында қала беретін адамдардың жұрттың арасында қашанда зор құрметке бөленетініне, яғни, адам баласының ел көңілінде атақ-дәрежесімен емес, қарапайымдылығымен қалатынына тағы бір мәрте көзімізді жеткізді.

Ізденген жетер мұратқа

Күллі түркі жұртының қасиетті мекені Түркістан маңындағы Кентау қаласында дүниеге келіп, судьялық қызметін Атырау қаласында бастаған Нұрсапа Примашев үшін биыл айтулы кезең. Тегі мықты, тұғыры нық, болмысы биік ағамыз ақпан айының онында ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі жасқа қадам басады.

Ел арасында алпыс жас туралы теңеу көп. Жазушы Шерхан Мұртаза «Алпыс – талтұс» десе, ақын Есенқұл Жақыпбеков «Алпыс деген абырой ғой ақ қарлы» деп жырлаған екен. Алпыстың ақ қарлы шыңына талтүсінде абыроймен шыққалы отырған Н.Примашев 30 жылдан аса уақыттан бері қазылық қызметте. 1992 жылы Атырау қаласының халық сотына халық судьясы болып сайланған Нұрсапа Маханбетұлы бүгінде Маңғыстау облыстық сотында судья. Осы аралықта ол талай сыннан өтіп, талай белесті бағындырды.

Тәуелсіздіктен бастау алған Қазақстан сотының өсіп-өркендеуінде өзге замандастары сияқты Н.Примашевтің де еңбегі ерен. Мектепте жақсы оқыған ұлына анасы Шымкент қаласындағы гидромелиоративтік-құрылыс техникумында оқуға кеңес береді. Осылайша 8-сыныпты бітірген бала студент атанды. Оқуды бітіріп, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп, оң-солын таныған жігіттің бар арманы жоғары білім алу болатын, сол мақсатпен ол В.В.Куйбышев атындағы Томск мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсті. Оқуын үздік аяқтап, қатарының алды болып елге оралды. Дипломды жас заңгерлік еңбек жолын Атырау облысының Әділет басқармасында сот бөлімінің консультантығынан бастады. Бұдан кейін ол сол жерде аға маман, жетекші маман болды. Ал, судьялыққа келуіне басқарма басшысы, белгілі заңгер Ирак Елекеевтің «Нұрсапа, Томск мемлекеттік университетін жақсы бітіріпсің, судьялыққа бар» деген ақыл-кеңесі ықпал етті.

Еңбек елеусіз қалмайды

Халық судьясы болып сайланған Нұрсапа Примашев Атырау қалалық сотында аянбай жұмыс істеді. Оқуда әрдайым алғыр, білімге құштар болғаны ол жерде де тез көрінді. Еткен еңбек, төккен тер елеусіз қалмады. Өз ісіне мығым, қызметіне адал судьяға 1995 жылы Атырау қалалық соты төрағасының орынбасары қызметі сеніп тапсырылды. Бұдан

әрі оның қызметтік жолы облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасында төраға, Атырау қалалық №2 сотында төраға, Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында төраға, Ақтөбе облыстық сотында кассациялық сот алқасының төрағасы, сондай-ақ, азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот алқасының төрағасы болып жалғаса берді. Одан кейін Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына басшы болды. Қай мансапты болса да Нұрсапа Маханбетұлы аса жауапкершілікпен атқарды. Жаны жайсаң, жаратылысы бөлек ағамыздың шын мәніндегі адами қалпы ел-жұрты мен әріптестері тарапынан бағасын әлдеқашан алған.

Өз ісіне адал, кәсіби тұрғыда кемел судьяны көп жылдық мінсіз еңбегі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін Судьялар одағы ең жоғары деңгейлі «Үш би» Құрмет белгісімен, ҚР Жоғарғы Соты «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапаттады. Бұған қоса Нұрсапа Маханбетұлы қызметінің әр кезеңінде «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Қазақстан Конституциясына 25 жыл», «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Қазақстан Республикасының Сот жүйесіне 30 жыл», Ақтау қаласы әкімінің «Ақтау қаласына 55 жыл» мерейтойлық медальдарына, сондай-ақ, көптеген алғыс хаттар мен құрмет грамоталарына ие болды. 2003 жылы «Атырау облысының үздік судьясы» атанды.

Әке аманаты

Әкесі 54 жасында өмірден озғанда, тағдыр тәлейімен үйелмелі-сүйелмелі жеті ұл жетімсіреп қалды. Ол кезде үйдің тұңғышы – 18, кенжесі – 3, ортаншысы Нұрсапа – 14 жаста болатын. «Әкеміз тірі болғанда биыл 100 жылдығын тойлар едік» деген Нұрсапа Маханбетұлы әңгімесін одан әрі жалғады: «Әкем 1937 жылы 37 жасында халық жауы атанып ұсталған әкесінің сүйегі қайда қалғанын, тіпті, тірі не өлі екенін біле алмай арманда кетті. Себебі, 1977 жылы әкем қайтқанда атамның жасы 77-де болатын, ғайыптан-тайып жаны аман қалды ма, бір жерде жүр ме екен деген де үміті болды. Әкемнің арманын аяқсыз қалдырмай атамызды іздеуді жалғастырдық. Нәтижесінде атамның 1937 жылы атылып, Алматының түбіндегі Жаңалық деген ауылда жерленгенін білдік. Құғын-сүргін құрбандарына арналған «Әділет» қоғамдық қоры, әкесі халық жауы болып атылып кеткен белгілі заңгер ағамыз М.Бай-



Лебіз

ЖІГІТКЕ ЖЕТІ ӨНЕР ДЕ АЗ

Дана халқымыз қашанда мемлекетіміздің жарқын болашағы үшін еңбек еткен аға бұғын төрге оздырып, құрметін асырып, үлгі ете білген. Ел арасындағы «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын...» деген әдемі сөз содан қалса керек. «Өмір – теңіз, онда жүзем демеңіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз», – демекші, еліміздің сот жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Нұрсапа Маханбетұлының Маңғыстау облыстық сотында абыройлы қызмет атқаруы біздің де мәртебемізді асыруда.

Бірімізге аға, бірімізге іні болған Нұрсапа Маханбетұлының сот жүйесіндегі қызметке араласуы сонша егемендік алған беймаза шақпен ұштасып жатыр. Күн сайын бір өзгеріс орын алған жаңа кезеңде алғашқы еңбек жолын сот бөлімінің кеңесшісі болып бастаған Нұрсапа Маханбетұлының бүгінде бағындырған белесі, шыққан шыңы көп. Өзіне ғана тән біліктілігі мен білімділігі Нұрсапа Маханбетұлының дәрежесін арттырып, әріптестерінен дараландырып, қызметте абыройын өсірді. Қатардағы жетекші маманнан сот алқасының төрағасы лауазымына дейін жетуінің арғы жағында адал еңбегі мен маңдай терінің жемісі жатыр.

«Жігітке жеті өнер де аз», – деген салмақты сөз Нұрсапа арналып айтылғандай. Бала күнінен гитара шертіп, қоңыр дауысымен ұлттық әндерді нақышына келтіре әулеткенді Нұрсапа маңы сүйетінін мерекелік іс-шараларда байқап жүрміз. Сондай-ақ, Нұрсапа Маханбетұлы қызыл тілге жүйрік, сөз өнерін жетік меңгерген жан. Оның бойындағы сөзге шешендік, суырыпсалмалық өнерін көрген сәтте кешегі өткен «от ауызды, орақ тілді» Майқы, Мәтжан, Ермембет билер еріксіз еске түседі. Замандасым Нұрсапа екеуіміз Оңтүстіктің құмында тұып өскенімізбен, адал еңбектің дәмі бізге Батыс өңірінен бұйырды. Нұрсапа Маханбетұлымен таныстығымыз 20 жылға жуықтады. Ал, тікелей таныстығымыз соттар арасында өткізілетін түрлі деңгейдегі іс-шаралармен үндесіп жатыр. Осы орайда, Нұрсапа спорттық ойындардағы белсенділігіне ерекше тоқталған жөн. Мәселен, Батыс аймақтық соттардың арасындағы спартакиадада ерлер құрамы шағын футбол, волейбол, теннис, бильярдтан сынға түседі. Осы топтық ойындардың барлығында Нұрсапа «шашасына шаң жұқптырмай» ылғи командасын жүлделі орын тұғырына алып шығатын.

Нұрсапа Примашевтің ер тұлғасы, кәсіби деңгейінің жоғарылығы, ұлт-жандылығы, қазақилығы жүріс-тұрысынан, келбетінен ерекше байқалып тұрады. «Әділ сот – туралықтың тірегі» десек, әрбір судья үшін туралықтан танбай, ақ пен қараны ажыратып, қос тараптың да көңілінен шыққанынан асқан мәртебе жоқ. Нұрсапа Маханбетұлын асқаралы 60 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық, жауапкершілігі мен жүктелесі мол қызметте абырой тілеймін. Әділдіктің ақ жолында мәртебеңіз арта берсін!

Бек ӘМЕТОВ,
Маңғыстау облыстық сотының төрағасы

махановтың бастамасымен дайындалып, шығарылған он томдық кітапта атамның аты жазылыпты. Ұрпақтары атамның жатқан жеріне арнайы барып, үлкен ас беріп, перзенттік борышымызды өтегендей болдық».

Қоғамымызда ұрпақ өсірумен бірге елдің өркендеуіне де үлес қосқан, сондай-ақ, қосып жүрген қазақ әйелдері аз емес. Солардың қатарында Нұрсапа Примашевтің анасы Роза Бәйішқызы да бар. «Өкініштісі, анамызды былтыр, қыркүйек айында мәңгілік мекеніне шығарып салдық» деп анасын қимастықпен еске алды. Алайда, даналарымыз «Адам баласы ұрпағымен мың жасайды» деген ғой. Ел қамын ойлар алтын асықтай ұлдарын тәрбиелеп, артында саналы ұрпақ қалдырған Роза апамыздың есімі ешқашан өшпек емес.

Отбасында шиетті бал, 80-нен асқан қайынағасы бар жалғызлікті анаға олардың жағдайын жасау

оңай болмағаны анық. Ол отбасы мен жұмысын қатар дөңгелетіп, қоғамдық мәселелерге қатысты келелі шаруаларға да үлгеріп жүрген екен. Еңбекқор, көзі ашық, көкірегі ояу Роза апамыз мал азығын дайындайтын антибиотиктер зауытында аппаратшы жұмысын атқара жүріп ҚазССР Жоғарғы Советінің депутатығына сайланады. Түркістан қалалық халықтық бақылау комитетіне, сондай-ақ, Әйелдер қоғамына мүше болып, елдік істердің басы-қасында жүреді. Зауыттағы жолдастық соттың мүшесі ретінде, сол сияқты, т.б. қоғамдық ұйымдарда ой-пікірін ашық айтып, көпшілікке сөзін тыңдата білген жан. Роза Бәйішқызы сол кездегі қалалық атқару комитетінің төрағасы Ж. Жорабеков пен Совет Одағының Батыры Р.Есетовпен бірге Мәскеуге барып, Раиса Горбачевамен кездеседі. Осы сапарында олар үкіметтік деңгейдегі біраз мәселе-

лердің шешімін табуына атсалысты. Әсіресе, алты ғасырлық тарихы бар Тайқазанның өз тұғырына оралуына Түркістан халқының атынан барған осы кісілердің еңбегі зор. Осындай ерен еңбектерінің арқасында Роза Бәйішқызы «Халықтар достығы» ордені және «Ерен еңбегі үшін» медалімен, т.б. түрлі марапаттарға ие болған батыр ана.

Тайқазан жайын айтқанда халқымыздың біртуар тұлғасы Өзбекәлі Жәнібековтің есімін айнамай кету мүмкін емес. Ұлт жанашыры Ө.Жәнібековтің тікелей басшылығымен елге адал қызмет еткен санаулы азаматтар арасында Роза анамыз да болды. Балаларының өмірде өз орындарын табуына бар күш-жігерін жұмсаған аяулы ана еңбегі өз жемісін берді. Әл-Фараби бабамыз айтқандай, «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат» болса, Нұрсапа Маханбетұлы сол бақытқа жету жолында ата-ана үмітін ақтауды өзінің өмірлік мақсатына айналдырған азаматтың бірі. Примашевтар әулетінің біразы заңгерлікті таңдаса, солардың барлығы Ресей университеттерінде білім алып, елге айтулы маман болып оралды. Әрине, мұның түп-тамыры мықты тектен таралған тәлімді ата-ананың тағылымды тәрбиесімен байланысты екені талас-сыз.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, Нұрсапа Маханбетұлы осы дәрежеге жетуіне ұстаздарының да еңбегі ерекше болғанын айрықша ілтпатпен жеткізді. «Анамнан кейінгі өміріме бағыт-бағдар беріп, болашағыма жол ашқан қамқоршы ұстаздарым Манап Өтебаев пен Ирак Елекеев. Манап ағамыз Қазақстанның Білім беру ісінің үздігі, халқымыздың бірегей азаматы, ұлттымыздың нағыз ұстазы еді. Өкінішке қарай, өмірден өтіп кетті. Манап ағамыздың талапшылдығы, тәртіпті сақтауға қатысты қатаң көзқарасы жауапкершілігімізді арттырып, әрбір ісімізге ыждағатпен қарауды үйретті. Ол кісінің осы қасиеттерін өзіме үлгі тұтамын». Талай қаракөздің талабын шындап, олардың білім нәрімен сусындауына жол ашқан Манап Өтебаевтай нағыз ұлт жанашырының шәкірті болғанын Нұрсапа Маханбетұлы ерқашан да мақтан етеді.

«Жақсының жақсылығын айт» демекші, қызметтік жолдағы ұстазы белгілі заңгер Ирак Қасымұлы. «Елекеевтей ел азаматын жолықтырған Примашев өзін жолы болған жаңға санайды. «30 жылда қаншама мықты адамдармен әріптес болдым. Солардың барлығына алғысым шексіз» деп, ағынан жарылды ағамыз. Осындай еңбек пен тәрбиені ту еткен ұстаздарын өнеге тұтқан Нұрсапа Примашевтің халыққа қалтқысыз қызмет жасамауға хақы жоқ секілді көрінді бізге.

Абырой биігінде

Нұрсапа Маханбетұлы қызметте ғана емес, отбасында да өз бақытын тапқан абзал әке. Ұлы Нұрбол мен кенже қызы Самал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетін бітірді. Тұңғышы Жанель С.Демирел университетінің түлегі, қаржыгер. Қос қарашығы магистратураны Англияда оқыды. Асыл жары Қарлығаш Каркенқызы жоғары оқу орнында ұстаз, техника ғылымдарының кандидаты, доцент. Ата-ана үшін балаларының өмірлік жолын табуынан артық бақыт жоқ десек, Нұрсапа Маханбетұлы мен Қарлығаш Каркенқызы бұл тұрғыда бақытты жандар. Бұған қамқор әкеңіз «Шындығында балаларымның мамандық таңдау мәселесіне араласқан емеспін. Өздері қалаған оқу орындарына түсіп, тірліктерін жүрек қалауларымен жасап келеді» деуі дәлел. «Ешкім оған қоя алмайды нүктені, өмір деген сөйлем емес өйткені» деп ақиық ақын Төлеген Айбергенов жырлағандай, өз ісінің майталманына асқаралы алпыс жасында ұзақ ғұмыр мен абыройдың ақ шыңын тілейміз.

Түймегүл ИБАСHEBA

Лебіз

БЕДЕЛІ БИІК НҮРЕКЕҢ

Нұрсапа Маханбетұлы Шымкент гидромелиоративтік-құрылыс техникумында танысты. Ол оқуды жақсы оқып үлгілі тәртібімен, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуымен көзге түсіп, мұғалімдер тарапынан алғыс алып жүрді. Жатақханада бір бөлмеде тұрдық. Техникумды бітіріп, Отан алдындағы борышымызды өтеуге де бірге шақырылды. Приморье өлкесінің Раздольное елді мекенінде орналасқан 6 айлық оқу дайындықта №22222 әскери бөліміне түстік. Қышнылығы мол әскери өмірде де Нұрсапа алдыңғы қатардан көріне білді, оны әскер өміріне тәрбиелеген сержант А.Меньшиковтың мақтауынан білемін.

Алты айдан соң ол Приморск аймағының Ольгинский ауданына, мен Амур облысының Свободный қаласына кеттім. Бірақ, үнемі бір-бірімізбен хабарласып тұрдық. Әскерден келгеннен кейін, жоғары оқу орнына түсу мақсатымен Томск қаласына бардық. Сол жылы оқуға түспесек те жасамдық. Томск кескіш аспаптар зауытына жұмысқа тұрдық. Нұрсапа зауытта да беделді болды, комсомол комитетінің мүшесі, цехтың айтулы тұлғасы, аз уақыт ішінде барлығына пікірін тыңдата білетін, тіпті, зауыттың директоры Социалистік Еңбек Ері Л.Будницкийдің көзіне түсіп, ол оны оқуға түскен соң да сонда қалуға үгіттеді.

Студенттік өмірде де ол тек жақсы қырынан танылып, факультеттің комсомол комитетінің мүшесі, ОКОД төрағасының орынбасары болды. Сол жылдары Томскіде қазақ жастары көп оқыды. Солардың көпшілігімен Нұрсапа осы уақытқа дейін араласады. Анасының үмітін ақтасам деген жүкті арқалап техникумға түскен балаң жігіт бүгінде Қазақстан Республикасының заң саласына еңбегі сіңген үлкен маманға айналуы оның азаматтық келбетін айқындай түседі. Нұрсапа бастамасымен техникум бітірген соң 24 жыл бойына байланысымыз үзілген курстастарымызды таптық. Достықтың қадірін түсіне білетін қасиетінің арқасында достығымыз осы күнге дейін жалғасуда. Рақмет, Нұрсапа!

Орынбасар СҰЛТАНБЕКОВ
досы

ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ – БІТІМ

Қаратөбе аудандық сотында сот төрағасы М.Шүкіровтің төрағалық етуімен, судья Ә.Қарекеновтың, Қаратөбе ауданы әкімі аппаратының заңгері В.Губайдуллинның, аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Е.Тойшыбаевтың, «Қаратөбе өңірі» газетінің тілшісі Е.Райсовтың, Қаратөбе, Жусандой, Қоскөл, Саралжын, Аққозы ауылдық округтерінің қоғамдық медиаторларының қатысуымен «Медиацияны қолданудың өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



Сот төрағасы Мереке Шүкіров медиаторлардың қоғамдағы рөліне тоқталып, олардың негізгі мақсаты кезіндегі билер сияқты дауласқан тарапты татуластыру, дау-дамайды шешу екенін, қоғамда олардың беделі мен біліктілігі де зор болуы тиіс екенін айтты. Елімізде «Медиация туралы» заң қолданысқа енгізілгеніне биыл 12 жыл толғанын, бұл заңға

сай, медиация тәртібімен татуласу, азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, қылмыстық теріс қылықтар негізінде жүретінін жеткізді. Сондай-ақ, ол онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, сонымен

қатар заңда көзделген кейбір ауыр қылмыстар туралы істер бойынша және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын даулар бойынша қолданылатынын да назарға алды. Алайда, қоғам әлі де дауды тек сот арқылы ғана шешу керек деген көзқарастан арылмай, дау туындаса медиаторларға жүгінбей, дереу сотқа жүгінетінін, ал сотқа жүгінуге тараптардың уақытын жұмсаумен қатар, мемлекеттік баж, жол қаражаты, заңгерлер жалдауға, т.с.с. сот шығындарына әкелетінін түсіндіру қажеттігі де жиын барысында айтылды. Сондай-ақ, дауласу тараптардың арадағы қарым-қатынасына, сыйластығына, абыройына нұқсан келтіретінін айтып, медиация тәртібімен дауды шешу тиімді екеніне сот төрағасы тоқталып өтті. Ауданның 8 ауылдық округінде 8 қоғамдық медиатор тіркелген. Былтырғы жылы аудандық сотта 18 азаматтық іс сот медиациясы тәртібімен тоқталған. Алайда, былтыр сотқа дейін және сотта қоғамдық медиаторлардың қатысуымен шешілген даулар болмаған. Сондықтан, жергілікті қоғамдық медиаторлардың жұмысын жандандыру қажет екені де тілге

тиек етілді. Ал, заңнамаға сай медиация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, медиаторлар тізілімін жүргізу, қоғамдық медиаторды сайлауды ұйымдастыру, олардың қызметін үйлестіру, жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету үкілетті органдар әкімдіктерімен ішкі саясат органдары құзыретіне жатады. Сондықтан үкілетті органдар қоғамдық медиаторлар қызметін өз деңгейінде жүргізу үшін жан-жақты жағдай қарастырып, олардың жұмысын үйлестіріп, медиация кабинетімен және қажетті жиһаздармен қамтамасыз етіп, біліктілігін арттыру курстарына жіберуді ұйымдастыру және халыққа үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қажет екенін баса атап өтті. Аталмыш іс-шарада аудандық сот судьясы Ә.Қарекенов, аудан әкімі аппаратының заңгері В.Губайдуллина және қоғамдық медиаторлар медиацияны қолданудың өзекті мәселелері бойынша өз ойларын ортаға салды.

Дөңгелек үстелге қатысушылармен тақырып бойынша негізгі мәселелер талқыланып, қойылған сұрақтарға жауаптар беріліп, ұсыныстар айтылды.

Жаролла СЕРІКЖАН,
Қаратөбе аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ӘДЕП КОДЕКСІ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ БАҒДАРШАМЫ

ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі Президенттің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығымен қабылданған.

Бұл кодексте мемлекеттік қызметшілердің моральдік-әдептілік нормаларына сәйкес олардың моральдік-әдептілік бейнесіне қойылатын талаптары, сондай-ақ, мінез-құлқтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы қызметтік қатынастардағы көпшілік алдындағы, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты стандарттары да белгіленген.

Қазіргі заманның мемлекеттік қызметшілері қоғам тарапынан қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, себебі, олардың басты міндеті – азаматтардың қоғамдық мүдделері үшін қызмет ету болып табылады. Мемлекеттік аппарат ішіндегі және мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен, қоғаммен өзара әрекеттесуіндегі қарым-қатынас мәдениеті тұрғысынан мемлекеттік қызметтің негіз қалаушы принциптерін анықтау барысында көбінесе адами қасиеттерге, яғни, мемлекеттік қызметшінің моральдік ұстанымдары мен құндылықтарына жоғары мән беріледі. Өйткені, мемлекеттік қызметшілердің бойында дәл осы моральдік ұстанымдары болмауы түбінде жағымсыз құбылыстарға, құқық бұзушылықтарға, жемқорлыққа алып келеді. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекеттік билік институттарына деген сенімін азайтып, мемлекеттік қызметшінің беделіне нұқсан келтіреді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілер мемлекет тұрақтылығының кепілі екені сөзсіз. Олар ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін, халықтың барлық топтарына ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен жылдамдығын қамтамасыз етеді, адалдықтың, әділдіктің және кәсіпқойлықтың үлгісі болып табылады.

Әрбір қазақстандық мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық қағидаларын реттейтін мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп кодексін басшылыққа алуға міндетті. Кодекске сәйкес, олар жоғары кәсіби, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдік-әдептік нормаларды сақтауға тиіс. Әдептілік – өркениетті қоғамның адамгершілік қағидалары екенін есте ұстаған жөн.

З. АМАНКУЛОВА,
Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ДӘРІПТЕЛДІ

Алматы қаласы ҚАЖ департаментіне қарасты №11 мекемесінде сотталғандар арасында Алматы қаласы «Білім және жаңа инновация технологиясы» орталығымен діни сауаттылықты арттыру мақсатында дәріс өткізілді. Кездесу барысында ақпаратты түсіндіру тобының Алматы қаласы Діни басқармасы жанындағы кеңес беру және оңалту орталығының теологы, дінтану магистрі Койшибаев Айбар дәріс өткізді.

Іс-шараны Алматы қаласының прокуратурасы және Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерінің өкілдері, мекемеде теологиялық оңалту жұмысын ұйымдастыру тобының инспекторы Әділет аға лейтенанты Ш. Джарлықасова мен мекеменің жедел аға уәкілі, әділет майоры Н.Джиенбеков ұйымдастырды. Жазасын өтеуші жасөспірімдерге деструктивті діни ағымдардың айрықша белгілері, экстремистік идеяларды тарату әдістері, ұлттық және діни құндылықтардың өзара байланысы, оның ішінде діни рәсімдерді өткізу нұсқаулығы берілді. Сарапшы конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету үшін – құқықтық сананы, отбасы мен қоғамдағы толерантты дәстүрлерді бекітуді қоса алғанда, халықтың жалпы мәдениеті мен білімін көтерудің маңыздылығын атап өтті. Іс-шара ба-



рысында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Бұл іс-шараға қатысушылар арнайы мамандардан пайдалы дұрыс ақпараттар алды. Осындай дәрістер жазасын өтеп жатқан жасөспірімдердің діни сауатын арттырып, теріс ағымдардан сақтандыруға бағытталған.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
№11 мекемесі

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Global Side» ЖШС (БСН 170840020998) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Григорий Потанин көшесі, 12/1 үй, 30 пәтер.

3. «Кредитное товарищество «Жосалы 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 160340005449, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2

ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақжар ауылы, 1-ші көше, 4 үй, тел.: +77074060554.

4. «Ломбард «ПЕГАС и К» ЖШС, БСН 090140015403, 10.03.2021 жылы микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген №14.21.0007.Л лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтататыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар қаласы, Лермонтов көшесі, 45. тел.: 8(7182)324702.

ӘРТҮРЛІ

5. «Аврора 77» ЖШС (БСН 201040028925) «Garant Project Group» ЖШС-нің (БСН 061240012905) өзіне қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Саурық батыр көшесі, 213Г ғимарат.

6. «Garant Project Group» ЖШС (БСН 061240012905) «Аврора 77» ЖШС-не (БСН 201040028925) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ходжанов көшесі, 79 үй.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazeta@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшин, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydubaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нур-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштарасы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

zanreklama@mail.ru

ҚАСКҮНЕМНІҢ АЙЛАСЫ

Қаскүнем жеті ай бойы айла-шарғы ойластырды. Жемтігін қалайда тұзағына түсіру үшін өзінің жиған-терген қаржысынан жеті ай бойы қосымша ақы беріп отырды. Осыншама мерзім алдап, әбден сенімге кіргендегі оның ойы бөлек еді...

Қаладағы үлкен бір құрылыс дүкенінде менеджер болып жұмыс істейтін Виктор өзімен бір мекемеде қызмет ететін кассир-бухгалтер Анармен күнделікті сөйлесе жүріп, бара-бара өзара сыйластық жақын қарым-қатынасқа ұласады. Кім байлықты жек көрсін. Ақшамен қалтасын қампита түсуді кім қаламайды дейсің. Виктор мен кассир келіншектің «қызу» әңгімесі жүре келе баудың оңай жолын қайтсек табамыз дегенге келіп тіреле беретін. Келіншектің ақшаға деген құмарлығын аңғара түскен Виктор оны қалайда тұзағына түсіруді ойластырады.

Адамнан айла артылған ба, Виктор Анарды қылмысқа итермелеудің түрлі қитұрқылығын ойлап табады. Оңай олжа табудың жолын меңзейді. Пайда табудың қарапайым әдісі келіншектің де көңілінен шыққан болатын. Виктор айтқан бұл амал банктік алым-салыммен тікелей қатысты еді. Басында бұлар несиені рәсімдеп, сосын оны мерзімінен бұрын жабу арқылы, сондай-ақ, банктік депозитті қаржылай қаржымен толықтыра түсіп, оның пайыздық сыйақысын алу арқылы кіріс табуды ойлаған. Анар оның айтқанына иланды. Сөйтіп олжа табуға кірісіп те кетті. Келіншектің басын айналдыру үшін Виктор өзінің қалтасынан ақша шығарып, оған беріп отыруға дейін барды. Мұны жүргізілген операциялардан түскен банктік пайыздар деп алдады. Бұл арам пифылды амал-шарғы жеті айға созылды.

Виктор қосымша табыс табуға Анардың әбден көзі жетті-ау деген бір күні оған және бір ұсыныс жасайды. Енді ірі көлемде депозит сала отырып, оңай олжаға кенелуге болатынын айтады. Ол үшін кемінде 5 миллион теңгені, оның өзінде қолма-қол ақша күйінде табуы керектігіне иландырып бағады. Ал Анар болса, оның арамдығына еш күдіктенбестен 5 миллион теңгені қолма-қол алақанға салып береді. Тіпті жетпегенін жақын туған-туыстарынан қарызға алады.

Виктор сол күні анасына үйге келмеуді өтініп, Анармен кездесуге сөз байласқан еді. Келіскендей-ақ, таңертеңгі сағат 10 шамасында екеуі алдын ала келісілген жерде жолығады. Кездескен бетте Виктор Анарға ұялы телефонын сөндіріп тастау керекін айтады.

Қаскүнем Анардың 5 миллион теңге қаржысы өзімен бірге екенін білген соң оған қастандық жасауды ойлап пәтеріне шақырады. Екеуі сағат 11.00 шамасында Виктордың пәтеріне келеді. Жігіттің жеті ай бұрын жасаған жоспары орындалуға таяу. Тағаты қалмаған Виктор үйге кірісімен алдын ала дайындап қойған өрілген жіпті алады да, шалт қимылдап Анардың мойнына салып қылғындыра кетеді.

Қаныпезер Анарды өлтіріп, оның 5 миллион теңге көлеміндегі ақшасымен қоса құны 34900 теңге тұратын алтын сақинасын және 64400 теңгелік ұялы телефонын қолды етеді. Ол өз қолымен жасаған қылмысын жасыру мақсатында мәйітті қағаз қорапқа салып, туған бауырының жер үйіне апарып қояды. Ағасы ол жасаған қылмыстық істен хабарсыз еді. Ал ертеңіне Анардың жансыз денесі салынған қағаз қорапты анасының жер үйіне апарып қояды. Құқық қорғау органның қызметкерлері келесі күні мәйіт салынған қағаз қорапты сол мекенжайдан тапқан.

Бұл қылмыстық істі қараған Қарағанды облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының отырысында жәбірленуші Нұрланнан жауап алынды. Ол Анармен некелескеніне біршама жыл өткенін, кәметтік жасқа жетпеген екі баласы барын, жарымен тату-тәтті өмір кешкенін баяндады. Анар құрылыс дүкенінде бірге жұмыс істейтін Виктормен таныстырған, бірақ онымен тығыз қарым-қатынаста болған жоқ. Сол күні тәуліктік жұмысына кеткен. Жұмыстан таңертең үйіне келген соң жұмысқа ұялы телефонына қоңырау шалып еді, ол үнемі сөндірілі болды. Түске қарай шыдамы таусылып Анардың сіңлісі Динаға хабарласқан. Ол Жанардың туыстарынан қарыз алып, 5 миллион теңге қаржыны банкке депозитке салмақшы болғанын айтты. Бұл әрекеті жөнінде өзіне тіс жарған жоқ еді. Дина Анармен бірге жұмыс істейтін Виктордан күдіктенетінін жасырмады. Осы әңгімеден соң Дина екеуі барып полицияға арыз жазды. Арды емес, ақшаны ойлаған Виктор Нұрланның некелі жарын өлтіріп, өмірін тас-талқан етті, екі баласын жетім қалдырды. Бар жағдайды бүкпесіз айтқан Нұрлан қаскүнемді аса ауыр жазаға тартуды соттан сұрай келіп, моральдық зиян ретінде 5 миллион теңге өндіруді талап еткен.

Сот отырысына Анардың сіңлісі Дина да қатысты. Дина әпкесінің Виктордың айтуымен банкке 5 миллион теңгені салмақшы болғанын білетін. Анарға бұл әрекеттің күдікті екенін қанша айтқанымен, әпкесі тыңдамады. Ақыры әпкесінің көңілін қимаған Дина жинап жүрген 900 мың теңгені Анарға қарызға берген болатын. Виктор екеуінің банкке баратын күнін де Анар Динаға айтқан. Сол күні әпкесінің ұялы телефонының сөндірілі болғанына алаңдаған Дина ақыры күмәнін Нұрланға айтуға мәжбүр еді.

Ал сотта куәгер еткен Ирина: «Виктормен жиі жолығысып тұратынбыз, кейде менің үйімде түнеп қалатын. Былайша айтқанда, азаматтық неке-деміз. Сол күні таңертең ол өз шаруасымен кетті, ал мен жұмысыма бардым. Ол кешке қарай телефон шалып, хабарласты. Екеуіміз кафеге барып, кешкі ас іштік. Ақшаны Виктор төледі. Виктор өзін әдеттегідей ұстады, мінез-құлқынан сезікті ештеңе байқалған жоқ, яғни сол күні қылмыс жасаған, кісі өлтірген жанға еш ұқсамады» деп ағынан жарылды.

Содан бір күн өткен соң күндіз Виктордың анасы телефон шалып, пәтеріне келген. Виктордың киімі салынған сөмкені көрсетуді сұраған әйелдің сөзі Иринаны таңқалдырғаны рас. Бірақ сөмкедегі киімдерді әрі-бері ақтарған әйел лезде бір бума ақшаны тауып алады. Екеулеп санап еді, 4 миллион теңге екен.


«Виктордың анасы ақшаны алып кетіп қалды. Мен кейін полицияға тергеуге шақырғанда ғана барып Виктордың бір келіншекті өлтіргенін, ақша соныкі екенін бір-ақ білдім» деді Ирина.

Қарағанды облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен Виктор бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында адам өміріне күш қолдану қылмысын жасағаны үшін және қарақшылықпен адам өлтіргені үшін айыпты деп табылып, 22 жылға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға кесілді. Аса ауыр қылмыс жасағаны үшін ол бұл жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтейді.

Шахмұрат ИБАДАТҰЛЫ

Эленора 1981 жылы Шымқалада дүниеге келіп, осы шаһарда өсіп бойжетті. Ол бір үйдің жалғыз қызы болғандықтан, әке-шешесі бар тапқандарын ерке әрі шолжаң Эленораның аузына тосты. Көпқабатты үйде тұрғандықтан және анасы оған ешқандай жұмыс істетпегендіктен, ол жалқау болып өсті. 90-жылдары дүкендерде азық-түлік азайып, киім-кешек пен тағы басқа да керек заттар қат болған тұста да ата-анасы оған жоқшылық дәмін татқызады. Қалаған тамағын ішкізіп, таңдаған киімін алып берді. Осылай жастық шағында шалқып өмір сүрген Эленора не киімін, не ішемін деп ойлаған емес. Әке-шешесінің арқасында тайраңдап жүріп, оның мектепте жақсы оқуға ынтасы болмады. Содан болса керек, мектеп бітірген соң жоғары оқу орнына түсе алмай, бір жылдай үйінде бос жүрді. Оған келесі жылы да жұмыс табыла қоймады. Сол жылдары шешесінің істеп жүрген жұмысы тоқтап, анасы жұмыссыздар қатарына ілікті. Арада бір жыл өткеннен кейін әкесі істеп жүрген кәсіпорын жабылып, ол да амалсыздан үйде отырып қалды.

Бұлар тұратын Шымқаладағы «Теріскей» шағын ауданында базар да, сауда орталығы да болатын. Со-



ОҢАЙ ОЛЖА ОРҒА ЖЫҚТЫ

дан шешесі үйде отырған қызын ертіп жеміс-жидек, көкөніс сатуға базарға шығады. Ақшалары аздау болған соң, базардан көкөністі килолап алып соны сатып күнелтті. Бірақ, тапқан табыстары күнделікті ішіп-жемнен артылмады.

Қалада туып-өскен және мұндай қара жұмысқа үйренбеген Эленораға бұл тірлік тіптен ұнаған жоқ. Әйтеуір амалы қалмаған соң анасының жанында таңертеңнен кешке дейін көмекші болып жүргені. Мұның барлығы да Эленораға ауыр тиді. Содан кейін базарды қойып, сауда орталығына басқа жұмысқа ауысты. Үлкен сауда орталығына келген небір бай адамдардың, бизнесмендердің қымбат заттарды ойланбай сатып алғанын көріп, мұның да тез байығысы келді. Тапқан табысы мардымсыз болып, ішіп-жемнен және өзінің киім-кешегінен артылмады. Эленора күндіз-түні қалайда тез бай болуды ойлап жүрді.

Ол жалғыз өзі қаланың бір шетінде бетоннан соғылған екі бөлмелі ескі үйде тұрып жатты. Кей кездері ойла-нып қараса, жасы отыздың ортасына барып қалыпты, өзінің құрбылары тұрмысқа шығып, 2-3 балалы болып, отбасымен жаңадан салынған 2 қабатты даңғыраған үйде тұрып жатқанын көргенде, іштарлығы ұстап, шеке-басы тырысып қалатыны тағы бар. Ол өзінің осы шарасыз жағдайына билікті кінәлайтын.

Эленора қолы бос кездерінде ұялы телефоны арқылы және кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын түрлі жаңалықтар мен «Қылмыс хроникасы», «Заң және заман» айдарымен жарияланған материалдарға көз жүгіртіп: «Алаяқ әйел», «Қош бол, 300 мың», «Интернетке сене бермеңіз» деген секілді тақырыптарда жазылған посттар мен хабарларды көріп, оқып жүрді. Тіпті, кейбіреулер қаржы пирамидасын немесе жалған клиника, т.с.с. ашып, жүздеген адамның ақшасын көбейтіп беремін, ауырған жерін емдеймін деп алдап алып, кейін жалған қаржы пирамидасын, клиникасын жауып өздері қашып кеткенін де естіп білді.

Содан кейін ол, қоғамда оңай олжаға кенеліп тез байып кетуді көздейтіндердің қатары жылдан жылға көбейіп бара жатқанына және олардың қандай жолмен ақша тауып жүргеніне жіті назар аударып, кейбірін өзінше зерттей бастады. Эленора осылайша, жұртты алдап, жан қинамай тез арада көп табыс тауып, тез баю жағын мықтап ойластырды. Ол жеңіл табыс-

тың болмайтынын білсе де, кейбір адамдардың сауатсыздығын пайдалануға болатынын, сөйтіп оларды алдап-арбап қақпанға түсіру жағын жоспарлады.

Егер сондай адамдарды іздеп тауып сендіре алса, олар ақшасы болмаған жағдайда қарыз немесе несие алып, соңғы теңгесіне дейін санап беруге дайын екенін іштей сезді. Бұл 2019 жылдың күзі болатын.

Осылайша, Эленора ойын желтоқсан айында нақты жоспарға айналдырып, өзінің қылмыстық пиғылын іске асыруға кірісті. Ол 2019 жылғы 30 желтоқсанда оңай жолмен ақша табу мақсатында «WhatsApp» қосымшасы арқылы жәбірленуші Б.А.-мен танысып, өзінің әлемдік биржамен жұмыс істейтініне және ақшасын көбейтіп беретініне сендірген. Кейіннен Эленора Б.А.-ға әлемдік биржамен жұмыс істеу үшін қаржылай айналымын көбейтуге ақша қажет екендігін, сондықтан оған «WhatsApp» қосымшасы арқылы топ ашып беретінін, оны топтың басшысы (админ) ететінін және сол топтағы адамдардан «Kaspi Golg» кәртшікесіне түскен ақшаны оның айтқан шоттарына жолдау қажеттігін айтқан. Содан кейін, Б.А. өз ақшасын көбейту мақсатында 2020 жылғы 15 ақпанда «Kaspi Golg» қосымшасы арқылы Эленораның берген кәртшікесіне жәбірленуші С.К.-ның 2 000 000 теңгесін аударған.

Осылайша Б.А. өзінің «Kaspi Golg» қосымшасы арқылы әр түрлі адамнан түскен 13 млн теңгені Эленораға жіберген. Ал Эленора алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен, жәбірленуші Б.А.-ға бірнеше рет алаяқтық жасап, оған аса ірі мөлшерде 15 млн теңге мүлкілік шығын келтірген.

Эленора «WhatsApp» қосымшасы арқылы түрлі топтарға кіріп әлемдік биржамен жұмыс жасайтынын айтып, ақша салымдарын 14 күн мен 1 ай арасында 100 пайызбен қайтаратынын жарнамалап, жалған ақпарат таратқан. Оның бұл жарнамасына С.К. хабарласып, оның биржамен айналысатынына сеніп, Шымкент қаласындағы «Теріскей» шағынауданында орналасқан «Север» сауда үйінің ішінде Эленорамен кездесіп, ақшасын пайызбен көбейту үшін 400 мың теңгесін берген. 2020 жылдың басында С.К. Эленорамен екінші рет кездесіп, ақшасын пайызбен көбейту үшін қосымша 600 мың теңгесін берген.

Содан кейін Эленора С.К.-ға ақшаны пайызбен қайтаратынын сендіру мақсатында, алдыңғы берген

400 мың теңгесін 100 пайызбен оған 800 мың теңге етіп қайтарған. Сөйтіп ол қомақты ақшаны қажет ететін адамдарға өзінің биржамен жұмыс жасайтынын айтып, жарнамалауды сұраған.

Майда-шүйдені дүние санамайтын Эленора манипуляцияның хас шебері. Көпке алдамшы үміт сыйлап, жұрт есебінен шалқып өмір сүруді мақсат еткен шымкенттік бикештің бір өзі алты айдың ішінде 34 адамды алдап, олардың 61 млн 410 мың теңгесін жымқырған. Бұл оның «алаяқтық тәжірибесі мол, кәсіби әккілігін» аңғартса керек. Қалтасынан жүз теңге де шығармай бір клиентінен алып, екіншісіне беріп жүрген алаяқ әйел, алғашында 400 мың теңгеден бастап, кейін салымшылардың сеніміне кіре отырып, бір салымшыдан 20 730 000 теңге ақшасын жымқырған.

Салымдарды үстеме ақысымен көбейту туралы жарнамаларды WhatsApp желісінде түрлі топтар ашу арқылы таратқан. Алғашқылары өз ақшасын еселеп қайтарғандықтан, кейінгілерінде күман тұмаған. Содан болса керек, кейбір адамдар ойланбастан миллиондарын өздері апарып алаяқтық қолына ұстатып немесе аударып отырған.

«Ұрлық түбі – қорлық» екені анық қой, ол жымқырғыш тірлігін қанша кәсіби дәрежеде мінсіз жүргіздім дегенімен, сәл ғана қателігінен тергеушінің қолына түсіп, аудандық соттың судьясы оның айыбын аймандай етіп ешкере етті. Бірақ бәрі де енді кеш еді, осылай жалғанды жалпағынан басып жүре берем деген алаяқ әйел жаны қиналмай тапқан ақшаны аямай, есепсіз шашып, қылмысы ашылғанда оны қайтаруға шамасы келмей, темір торға қамалды.

Бұл істі қарап, оған нүкте қойған Шымкент қаласы Еңбекші аудандық сотының судьясы А.Орақбаева алаяқ әйелді 6 жыл 8 айға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды. Алайда, сотталған Эленора сот үкімімен келіспей, Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына шағымданды. Былтыр қалалық соттың апелляциялық сот алқасы бұл істі қарап, шағымды қанағаттандырмай, аудандық соттың үкімін өзгеріссіз, күшінде қалдырады. Осылайша, бұл іске нүкте қойылып, лайықты жазаны алған Эленора жәбірленушілерден олжалаған ақшасын толық көлемде қайтарып беруге міндеттенді.

Қабыл ДҮЙСЕНБИ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5515 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №18 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрілігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31